10. Ädılбекқызы G. Qazaq әдебиетіндегі әйел тағдыры және дәстүрлі отбасы құндылықтарының дәріптелуі (HH ғасырдың жиырмашы жылдарындағы шығармалар бойынша). 2016. // Qazaq gazetteri. <https://kazgazeta.kz/news/53332>
11. Äuezov M. El bolamyn deseñ, besigiñdi tüze. 2014. // <https://adebiportal.kz/web/viewer.php?file=/upload/iblock/15c/15cd4e052e695ac256303c36918fad53.pdf&ln=kz>
12. Dulatuly M. Oian qazaq! Roman, öleñ-jyrlar, äñgimeler. – Almaty: Atamūra, 2003. –192 b.
13. Dulatov M. Äiel teñdigi. 1921. // <https://adebiportal.kz/web/viewer.php?file=/upload/iblock/74e/74e0db2c0baa13197214063aa74c23af.pdf&ln=kz>
14. Toraiğyrov S. Asyl söz – Almaty: QazAqparat, 2005. –180 b.
15. Toqtarbai E. Qazaq әдебиетіндегі әйел образы. 2018. // https://adebiportal.kz/kz/news/view/kazak_adebietindegi_aiel_obrazi__20842
16. Sağynbekuly R. Jüsüpbek. – Almaty: Sanat, 1997. – 224 b.
17. Lange C. Men and women writing women: the female perspective and feminism in U.S. novels and African novels in French by male and female authors. – UW-L Journal of Undergraduate Research, XI. 2008.
18. İsabekov D. Gauhartas qaralangannan qūlap qalmaidy. 2019. // <https://egemen.kz/article/199061-dulat-isabekov-gauqartas-qaralaghannan-qulap-qalmaidy>.
19. İsabekov D. Gauhar tas. – Almaty: Atamūra, 2020. – 310 b.
20. Mūqanova R. Muza: povester men äñgimeler. – Almaty: 2004. <http://kazneb.kz/site/catalogue/view?br=1166120>
21. Skoropanova I. Russkaja postmodernistskaja literatura. – Moskva: Flinta, 2001. <http://yanko.lib.ru/books/cultur/skoropanova-russ-postmodern-lit.htm>
22. Malygina A. Gendernye aspekty kak teksty kul'tury (na primere mody serediny XX — nachala XXI v. [avtoreferat dissertacii, Moskovskij Gosudarstvennyj Universitet]. – 2008.

Автор туралы мәлімет:

Адаева Ермек Сабырбайқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Назарбаев Университетінің оқытушысы, Астана, Қазақстан.

Адаева Ермек Сабырбаевна – кандидат филологических наук, преподаватель Назарбаев Университета, Астана, Казахстан.

Adayeva Yermek Sabyrbayevna – candidate of philological sciences, instructor of the Nazarbayev University, Astana, Kazakhstan.

XҒТАР 17.01.39

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-3.07>

А.Е. АЛИМБАЕВ 

А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Астана, Қазақстан
(e-mail: aslan_alimbaev@mail.ru)

ЕЖЕЛГІ ЖЫР-ДАСТАНДАРДАҒЫ ЕЛДІК ПЕН ҚАҒАРМАНДЫҚ

Аңдатпа. Мақалада елдік, қаһармандық, соғыс, батырлық туралы қарастырылған. Әлем жаралғаннан бері өмір сүру үшін күрес тоқтаусыз жүріп жатқан үдеріс. Күштілер жеңеді, әлсіздер жеңіледі. Бұл жаратылғандар жасағанша жасай беретін күрес. Тіпті жер бетінен жойылудың алдында тұрған дүниелердің өзі уақыт өте келе гүлденіп, құлпырып қайта жаңғыруы мүмкін немесе бүгін гүлденіп, жайнап тұрған дүние ертең түбірімен жоқ болып кетуі ғажап емес. Бар болуды немесе жоқ болуды, жеңуді немесе жеңілуді анықтайтын нәрсе – соғыс, жарыс т.б. Тасқа қашап жазылған туындыларда соғыстың басталу себептері, не үшін соғысты, нені сақтап қалу үшін соғысты деген сауалдарға жауап табуға болады. Гүлденіп, алып империя болу үшін де соғысудың керек екенін көреміз. Соғыста жеңіліп барып, қайта жеңудің озық үлгілерін мәңгі тасқа қашалған жазулардан аңғарамыз.

Жаратушы адамзатты жер бетіне қоныстандырып, жерді бөліп, бір-біріне ұқсамас үшін, әртүрлі тілдер, киімдер, түрлі терінің, көздің, шаштың түстерін жаратты. Ал адамзат осы бөліністердің негізінде мемлекеттер құра бастады.

Күшіне сенген мықтылар, өзгелердің жері кең, құнарлығы мол екенін түсінгенде, тартып алу, өзгенікін иемдену тілегі туындады, сол себепті олар өздеріне ұқсастарды жойып жіберу қаруларын жасап үйренді, уақыт өте келе бұл қарулар одан да қорқынышты, одан да мейірімсіз бола түсті. Мұның салдары ел мен елдің жау болып, соғысуына алып келді. Жерді кеңейту, шексіз билікті мақсат еткен соғыстар болғандығы туралы тұжырымдар мақалада пайымдалған.

Түйін сөздер: ел, жер, батыр, қаһарман, ежелгі әдебиет, шексіз билік, соғыс.

Кіріспе. Соғыс пен жаугершілік, елді қирату – түркілердің мақсаты болмағанын тастағы жырлардан байқаймыз. Көк түркілердің елдік мұрат пен бейбіт өмірді сүйетіндігін төмендегі дастандарда көрініс табатынын аңғарамыз.

Сақ патшасы «Тұмар патша» туралы аңыз – солардың бірі. Ғалым А. Қыраубаева «Ежелгі әдебиет» еңбегінде Геродоттың «Тарих» атты кітабынан үзінді келтіреді. Тұмар патшаның он алтыдан асқан ұлын бір шайқаста Кирдің әскері тұтқынға алады. Тұмар Кирге сәлем жолдап: «Сен менің тұтқындағы ұлымды қайтар, аман-сауыңда еліне кет. Бұл айтқанымды тыңдамасаң, қанға

тоймас басынды қанға түншықтыраам!»,-дейді [1, 10]. Тұмар патшаның Кирге сәлемдеме жолдауының өзі түркілердің бейбітшілікті, тыныштықты сүйетініне дәлел. Әскер күші жағынан кем түспейтін Тұмар патша ескертусіз-ақ Кирдің басын алуына болар еді, дегенмен айтып барып, шайқасқа аттанады.

Мұндай отансүйгіштік қасиеттерді Дарий әскерін алдап, шөл далада қырғынға ұшыратып, өзі мерт болған Шырақ батыр жайлы аңыздардан да көреміз. Жалпы, елін, жерін қорғау – ел басқарушының да, батырдың да, қатардағы кісілікті азаматтың да басты қасиеті деп саналған.

Құланның үйірін қуып жүрген түркілердің арулары жау қоршауында қалып қойып, Мидия патшасының баласы – ханзаданың қолына түскен Зарина сұлу жайлы аңыздарда бұл идея айқын көрінеді. Тұтқындағы Зарина ханзададан қашып бара жатқанда патша баласы жетіп алып, қыз екенін көріп, ғашық болып қалады. Қыз да жігітті ұнатқанымен, бірақ ел, жер, атамекен тағдырын ойлаған қос ғашық қосылмайды. Бұның себебін Заринаның сөзімен келтірсек: «Мен сені ғана ұнатамын. Бірақ әйелің бола алмаймын. Оның себебі, екеуміз қосылсақ, сен хан боласың, мен ханым боламын. Менімен қоса артымдағы елім де саған бағынышты болады. Мен сүйгеніме қосылып, бақытты болғаныммен, елім тәуелсіздігінен айырылып, бақытсыз болады. Мен үшін елімнің еркіндігінен артық ештеңе жоқ. Қош, сүйіктім» [1, 12]. Бұдан түркілердің елі мен жері үшін жеке басының пайдасынан гөрі елдік мұратты жоғары қоятынын байқаймыз.

Ел мүддесін бірінші орынға қоятын тағы бір тарихи тұлға – Мөде батыр. Батыр жайлы аңыздар тарихи деректерде көптеп кездеседі. Мөдемен жауласқан көршілері Мөдеден әкесі Түмен ханнан қалған, күніне мың шақырым жүгіретін тұлпарын сұратады, ел тыныштығын ойлаған Мөде тұлпарды беріп жібереді. Бұған тоймаған жаудың билеушісі Мөденің бір ханымын сұратады. Халықтың жайын ойлаған хан бір ханымын беріп жібереді. Үшінші рет жау мың шақырым болатын жерін сұрайды. Сонда Мөде «Жер – елдің байлығы. Өз байлығымды берсем де, ел байлығын бермеймін», – деп жауға шабады [1, 12].

Осыдан-ақ халқымыздың ата-бабадан мұраға қалып, тарихи сабақтастықта жетілген жеке тұлғалық қасиеттер, елдің гүлденуіне, оның экономикалық, саяси, әлеуметтік, рухани жетілуіне бірден бір әсер етуші фактор екенін түсінуге болады.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақалада әдебиеттану ғылымындағы жалпытеориялық методологиялық әдістері - салыстымалы-тарихи, сипаттама, ғұмырнамалық баян, салыстыру, талдау әдістері қолданылды.

Талқылау мен бақылау. Көне түркі қаһармандық дастандарындағы тарихи тұлғалар, яғни батырлар мен ел билеушілерінің бойындағы асыл қасиеттер данышпан, еңсегей бойлы, қақпақ жауырынды, өткір көзді, түсі суық, шашы ұзын, білектерінде бұлшық еттері ойнаған, хас батыр сынды сипаттаулар ортақ болып келеді. Мысалы: Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» еңбегінде Алып Ер Тоңға жайлы:

Ол әр данышпан, әрі ержүрек болуға міндетті еді,
Өйткені билікті онсыз нығайту мүмкін емес...

Хас батырлар туралы айтқан жақсы сөз:

«Қиын түйінді нағыз ерлер ғана шешеді».

Ел әміршісі қашан да айбарлы болу керек:

Өйткені тек үрейлі арыстанға ғана

құлдан мойынсынады [2, 78].

Ал Күлтегін ескерткішінің үлкен жазуында қағандар мен бектер туралы былай деп жазады:

Білге қағандар екен.

Алып қағандар екен.

Әміршілері де бірге болған екен,

Алып болған екен.

Бектері де, халқы да

Сенімді екен.

Сол үшін де елін сонша (ұзақ) билеген екен,

Ел ұстап, төрелік еткен,

Өздері қаза болған [3, 49].

Бұл аталған екі қаған тұсында көк түрк елінің атақ-даңқы артып, елдің іші де, сырты да еркін өмір сүргендігін көреміз. Бейбіт өмір сүру салты түркі халықтарының ата-бабаларынан, яғни сақтар заманынан бастау алса, қазақ халқы тарих сахнасына Мәңгілік Ел идеясы ретінде жалғастырып келеді.

«Күлтегін», «Тоны көк», «Білге қаған» т.б. жырлар Ұлы Түрк империясының тарихи шежіресі екені анық. Осы туынды арқылы қатпар-қатпар тарихтың жұмбақ беттерін ашуға болады. Әдеби туынды деп қараған күннің өзінде шығарманы оқи отырып, туынды кейіпкерлерінің іс-әрекетінен, я болмаса автордың өз жанынан эмоциялық көңіл-күйін білдіретін тұстарын кездестірмейміз. Алайда көркем шығарма емес деп те айта алмаймыз. Бұл тасқа қашап жазылған мәтіндер әдеби туынды ма, туынды емес пе деген тартыс ғылымда бұрыннан келе жатыр.

Қазақ халық ауыз әдебиетіндегі соғыстар не үшін болғанына көз жүгіртіп шықсақ. Қазақ ауыз әдебиетінде батыр соғысқа аттануының бірнеше себептері бар: жар іздеу, бауырларын құтқару, елдікті сақтау және т.б.

Батырлық жырларда соғыс барысы фантастикалық сюжеттерге құрылған. Мұнда қиял-ғажайып көріністер, батырдың жер астына түсуі, қаһарманның адам қолынан келмейтін іс-әрекеттер жасауы жиі кездесіп, көбіне батырлардың жекпе-жек күрестері баяндалады.

«Қобыланды батыр» жырында:

«...Артымда жау қалдырман,

Берсе құдай несіпті», – деп

Мініп алып атына
Қызыл ерге келеді,
Келіп те сөйлей береді:
«Қобыланды келді шықсын» деп,
Дауыстап хабар береді.
Шықпағасын Қызыл ер
Жүгіріп үйге енеді.
Төсекте жатып Қызыл ер
Қобыландыны көреді.
Аяғыммен күрес деп
Бір аяғын береді.
Алпыс құлаш ала арқан
Қызыл ердің ілулі
Босаға да тұр еді.
Іліп алып аяққа,
Мініп алып торы атқа
Дүрілдетіп жөнелді.
Қызыл ерді сүйретті,
Сүйреткі қылып үйретті.
Ішінде шеңгел-тікенге
Өкпе, бауырын түйретті,
Тақымға салып сүйретті,
Қабырғасын күйретті,
Менсінбеген дұшпанды
Ақыл тауып үйретті [4, 20].

Таңғұттарға қарсы күрес жырларында батырлардың жекпе-жек күрестері:

Таңғұт жау тиді айлалы,
Қатұнсін тісін қайрады,
Жайратпай жауын таймады,
Бауыздап жанын қинады.
Тұрмады бектер алдасып,
Жекпе-жек шықты арбасып,
Қылыштың жүзін қан басып,
Қынабына қайта сыймады.
Домалап жаудың бастары,
Иықтан түсіп қашқаны,
Әлсіреп дұшпан сасқаны,
Қылыштар қанға малынды [5, 32].

Екі үзіндідегі айырмашылық, ерекшеліктерді бірден байқамаймыз.

Шайқас үстіндегі қимыл-қозғалыс, жауды жеңуі, қарсы жақтың қалай жеңіліп жатқанын егжей-тегжейлі баяндау екі жырда да бар.

Батырлардың жауды жеңуін жырларда «сүйретті», «түйретті», «күйретті», «айлалы», «қайрады», «таймады», «қинады», «сасқаны», «қашқаны», т.б. бейнелі сөздермен суреттеледі. Ал Күлтегін жырында ел билеушілер жан жағындағы елдерді жаулап алып, бейбіт, тату ел құрғандығы туралы баян етіледі. Бұл жырда қиял-ғажайып оқиғалар болмайды. Тек наным-сенімге, дәстүрге қатысты жөн-жоралғылар баяндалады.

«Төрт тараптағылар қарсы жау болған. Қол аттандырып төрт тараптағы халықты бағындырып, иеленген. Бағындырып бейбіт қылған. Бастыны жүгіндірдік, тізеліні бүктірдік» [6, 69].

Жетістігі мол, халқы бай, дәстүр жалғастығы мықты болған елдердің жаулары көп болатыны түсінікті жағдай. Осындай кемеліне жеткен мемлекеттердің бірі Көне түркілердің империясы болды. Мұндай елге барлығы да жау еді. «Күлтегін» жырында: «Төрт тараптағылар қарсы жау болған» деуінде, яғни, көзалартып отырған елдердің көп болғаны, олардың мүдделері алпауыт елді құлату екендігі аңғарылады. Түркілер болса төрт тараптағы елді жаулап алып, бейбіт қылғаны туралы жырда баяндалады. Осындай алып империяны басқарып отыру үшін де басшының бойында қандай қасиеттер болу керектігі, қағандарының мінез-құлқы, адал іс-әрекеттері де сөз болады. Автор басшыға мына тіркестер арқылы сипаттамалар береді: «білікті қағандар», «алып қағандар», «бектері де, халқы да түз адал». Ел басқарып отырған бектерінің бойындағы осындай қасиеттердің арқасында елі бай-қуатты болған деп келіп, бектері бұл дүниеден өткеннен кейінгі қиын жағдайдың себебін баян етеді. Таққа талас елдің жағдайын нашарлатады.

«Інісі ағасындай болмады, ұлы әкесіндей болмады. Біліксіз қағандар отырған еді. Әлсіз қағандар отырған еді» [6, 69]. Байқағанымыздай, автор шыннан төмен құлдилауды суреттеп тұр. Ата-баба дәстүрін, ата жолын дұрыс жалғастыра алмаған ұрпақтарының кесірінен түркі мемлекетінің жағдайы нашарлауы баян етілген. Алдыңғы буыннан кейінгі ұрпақтың осал, не мықты болуы – табиғат заңдылығы. Өмір философиясындағы ақ пен қара алмасқандай, биліктегі ауыс-түйіс елдің болашағына үлкен өзгерістер алып келетіні ақиқат. Мұндай тарихи сәттер мен өзгерістер – әр халықтың ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінде молынан қозғалған тақырыптардың бірі. Халқымыздың маңдайына біткен ұлы тұлғалар көп. Солардың бірегейі – Төле би Әлібекұлы ұрпақ жалғастығы туралы «Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі» деп түйіндейді.

Бәрі өзгеріп, дамып немесе керісінше күйрейтін кездер – тарихта әрқашан болған, бола беретін құбылыс. «Күлтегін» жырында 50 жыл жауларына құл болғаны туралы ашына жазылады. Ата-бабаларының жолын жалғастырмауы себепті билік басындағылардың ағасындай не әкесіндей болмады деуі осыдан. Ата-бабалары шығыста Қадырхан жынысына дейін,

батыста Темір-қақпаға дейінгі осындай байтақ өлкені мекен еткен түркілердің ұрпақтары осал болғаны ма деп күйіне жазып, түркілердің рухын көтеріп, жауларына қайта шабады. Бұл жөнінде жырда:

Күллі қара халқы былай десті: «Елді халық едім, елім енді қайда? Кімге елдік құрамыз?» десті. «Қағанды халық едім, Қағаным қайда? Қай қағанға күш-қуатымызды береміз?» десті. Осылай деп Табғач халқына жау болды. Жау болып, қарсы тұрып, әркет етіп, құлады. [Табғачқа] қайта бағынды. Бүйтіп күш-қуатын бергілері келмеді. (өйткенше) «Түрік халқы» қырылайық, ұрпақсыз қалайық» десті. [Түрік халқы] жойылып бара жатты [6, 70]. «Ерді намыс, қоянды қамыс» өлтіреді деген мақал бүгінгі тілдік қолданысымызда жиі кездеседі. Түріктер намысты, батыл, өжет екені біз нысанаға алып отырған дастандардан көріп отырмыз. «Түрік халқы» қырылайық, ұрпақсыз қалайық» [6, 70] деп Күлтегін жырында күйіне жазуы да елдің намысын оятып, жауды жеңуге рух беру мақсатында айтылған деп ойлаймыз. Себебі айламен, алдаумен түрік елін жеңген жаулары елдің тұрмыс-жағдайының нашарлағаны туралы да жырда баяндалады. Жеңілістің себебі неде деген сауалға да жырда жауап таптық.

Жаратушы жаратқандарын жұп-жұбымен, екі-екіден жаратқаны баршамызға аян. Ақ пен қара, жақсылық пен жамандық, соғыс пен бейбітшілік, қарапайым мен күрделілік, еркек пен әйел, т.б. Кез келген заттың, кез келген жағдайдың екі жағының болуы заңдылық. «Түй-ұқық» жырында түркілердің жауларына жан-жақты сипаттама беріледі. Әрине, бұл тек осы жырда ғана көрініс тапты деген тұжырым емес. Бұл жерде түрік халқының жауларынан жеңілген өлімші халі суреттеледі. Әрі оның себеп-салдары да әр туындыда пішіні өзге болғанымен мазмұны бір. Ел билеушісінен айырылып, өзге елдің боданы болғаны туралы былай делінеді: «Түрік халқының қағаны жоқ еді. Табғачтан бөлініп, қағанды болды. Қағанынан айырылып, Табғачқа және бағынды. Тәңірі былай деген-ді: Қаған бердім Қағаныңды жойып, [басқаға] бағындың. Бағынғандығың үшін Тәңірі сені өлімші етті. Түрік халқы қырылды, алқынды, жоқ болды. Түрік-есір /тақ/ халқы жерінде Бөд (тақ киесі) қалмады» [6, 152].

«... Бумын қаған қайтыс болғаннан соң түркі тайпалары арасында қиыншылықтар, алауыздықтар, бақталастықтар түркі мемлекетінің бұдан былай әлсіреуіне әкеліп соқты. Мұның бәрі бағзы заманнан көз алартып келе жатқан табғаштардың пайдасына шешілді» – деп ғалым Ғ. Айдаров өзінің зерттеулерінде айтқан [7, 33].

Көріп отырғанымыздай жырдағы соғыстың себебі мен мақсаты бар. Ендеше бұл жырларда нақты тарихи шындықтар ғана айтылды деп айтуымызға болады. Ал батырлық дастандарда батырдың соғысы мақсатсыз дей алмаймыз. Батыр тікелей соғысқа аттанбайды. Батыр қалындығын, я болмаса бауырларын іздеу барысында кедергілерге ұшырайды. Ол кедергілердің бастысы - дұшпандары. Мысалы, Қобыланды жырында мынадай жолдар бар:

Күнде киік аулайды,
Кездесе жауын жаулайды... [4, 17]

Жырдағы соғыс мотиві әрі қарай өрбіп, соғыстың барысы, соғыстың бағыты мен қимылы, кімдермен соғысқаны туралы баяндалады. «Біздің заманымыздың 630 жылдарының аяғында әлсіреген түркі мемлекеті құлайды. Түркі мемлекетін құлатқан табғаштар бұдан былайғы жерде түркі тайпаларына өз дегенін істете бастайды» [7, 5]. Ол жөнінде ескерткіштің ғалым Ғ. Айдаровтың аудармасында былай жазылған:

Түркі халқы қырылды,
Алқынды, жоқ болды.

Түркі есір /тұтқын/ халқы жерінде ештеңе қалмады [7, 104].

Мәңгі тасқа қашап жазғылған жырларда «біз жеңілдік», «осымен ел болмаймыз», «құрып кетейік» деп үмітсіздік тудыратын ақпараттар кездескенімен, соңы жарқын жеңіспен, болашаққа деген үлкен сеніммен аяқталатынын байқадық. «Жеңіліп, әлсіреп, жаудың күші мықты екенін айта келіп, ерлікпен женгендігі туралы сюжеттер көптеп кездеседі. Әскері үш мың екен. Біз екі мың едік. Соғыстық. Тәңірі жарылқады, жеңдік. Өзенге түсті, жеңдік, жолда да олар көп қырылды. Одан кейін оғыз қопарыла келді. Күшпен бағындырдым [6, 153].

Осы жерде жеңістің босқа келмегендігі, оған тылсым күштің әсері барын екені туралы нақтылап айтылған. «Көк тәңірі түркілердің түсінігіндегі Құдай. «Тәңірі күш бергені үшін Әкем-қағанның әскері бөрі сияқты еді» [6, 70]. Түркілер өздерін көк бөріден тарағандығы туралы мифтер мен аңыздар көп. Қазақтардың жауға «әруақ» деп шабуы осы танымнан, түсініктен қалған деп болжам жасауымызға болады. Түркілерге ислам діні келгенге дейінгі түсінік пен таным бүгінгі кезеңге дейін жетіп, исламның шарттарымен біте қайнасқан. Осылайша ата-баба жолы ислам дінімен біте қабысып, жаңа бір деңгейге көтерілген деп айтуға толық сенім бар.

Нәтижелер. Ұлы Түрік қағанатын ешбір жау әскер күшімен жеңе алмағаны тарихта жақсы жазылған. Түркі халқының өз алдына ел болып, елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін геосаяси және ішкі, сыртқы қорғаныс шеңберін жасауды Көне Түркілер іске асырды [8]. «Күлтегін» жырының басты идеясы: сыртқы жауға қарсы күрес ұйымдастыра отырып, елдікті, ұлттық бірегейлікті сақтап қалудың астарында ұлттық кодтың негізі жатыр деп сеніммен айта аламыз. Түркі халқын ауыз бірлікке шақырып Күлтегін батыр, Білге, Елтеріс, Бумын, Қапаған қағандардың жорыққа шығудағы мақсатымен танысамыз.

Көк тәңірінің оғландары
Бүкіл түрік жұртының
Арландары мен қабыландары,
Бумын қаған мен
Істемі қаған таққа қонды.

Елімді ел етемін деп,
Жерімді көгертемін деп
Оттай асау,
Оқтай ұшқыр
Атқа қонды [3, 96]...

Бұл шумақта ел болу идеясы тұр. Көк тәңіріне сыйынған, сенген жұрт ел болу тәңірдің қалауы, қолдауы деп түсінген. «Көк Тәңірі» - мифтік бейне. Көне түркілер тәңірді – әлемнің билеушісі деп түсінуін де ұлттық кодтың ізін аңғарамыз. Жердің де иесі, киесі бар деп ұғынғанын келесі шумақтардан байқаймыз.

Жердің Иесі қозғалып,
Түрік халқы жоғалмасын деген!
Құлдықта қамалмасын деген!
Ел болсын деген!
Басқа жұрт аса алмайтын
Бел болсын деген [3, 156]!

Тәңір сыйлаған жерді сақтап, халықты «құлдықта қамалмасын» дегеннің астарынан «тәуелсіз ел болып, еркін өмір сүру» мақсаты жатқанын айқын аңғарамыз. Жерді қадірлеу, оны күтіп-баптау, оны анадай ардақтау сезімі бүгінгі күнге дейін келе жатқан ізгі қасиеттер. Бұл да түпсанадағы болмыстың сәулесі.

Күлтегін екеуіміз
Өліп-өшіп жүріп
Дұшпанның қанын
Белуардан кешіп жүріп
Елді – қайтадан! –
Ел еттік,
Жерді – қайтадан! –
Жер еттік [3, 161].

Бұл шумақтан сыртқы жаумен арпалысының нәтижесін көре отырып, шашыраған халықтың басын қайта қосып, түркілерге тиесілі жерді қорғап шыққаны батырлардың ерлігімен танысамыз. Жалпы, жыр ата-баба жолы мен салт-дәстүрін берік ұстауға шақырған қағанның өз халқына айтқан үндеуі деуге болады.

«Қағаны дара
Ақылшысы дана
Іргеміздегі Түрік елі
Қуатты ел боп барады.
Мен де атқа қонбасам,
Түрік елі
Құм астында қалар еді.

Күл астында қалар еді.
Шүкір!
Елім ел болды.
Ерлерімді былай қойғанда,
Құлыма дейін өр болды [3, 162]!

Табғаштардан жеңіліп, шашырап кеткен түркі жұртының басын қосып, біріктірген қолбасшы – Білге Тоныкөк еді. Түркілерді қуатты елге айналдыру үшін халқына ұран тастады. Тәңірге сыйына отырып:

Тәңірі Ием мен
Ұмай анам

Жар болып түр емес пе?! [3, 164] – деп, ұрандатып қол бастайды. Байқап отырғанымыздай бұл жолдарда «Ұмай ана» мифі айтылады. «Көне түркі мифологиясы бойынша, Ұмай ана – ұрпақ жалғастығын жебейтін періште. Ертеде қазақтар қыздарын ұзатқанда, неке қиғыз рәсімінде, сондай-ақ әйелдер босанғанда Ұмай анаға жалбарынып, одан медет тілегені мәлім. «Ұмай» деген сөз ежелгі түркі тілінде «баланың ізі», «бала орны», «ана жатыры» деген мағынаны білдіреді. Ұмай құдай-әйел түркітілдес халықтардың көпшілігінің этнографиясында да кездеседі» [3, 3].

Тоныкөк жырында Ұмай ана Көк тәңірімен қатар айтылып отырады. Тәңірге сыйынып жорыққа аттанғанын, жорықтың қалай болғанын суреттей келе:

Мен де атқа қонбасам,
Түрік елі
Құм астында қалар еді.
Күл астында қалар еді.
Шүкір!
Елім ел болды.

Ерлерімді былай қойғанда,
Құлыма дейін өр болды [3, 165]! – деп жеңіске жеткенінен хабар береді. Жырда Тоныкөктің жорықтарда қолданған әдіс-тәсілдері, түрк халқының басын біріктірудегі еңбегі, ел іргесін бекітудегі арманы баяндалады. Нәтижесінде мақсатына жетіп, түркі халқы іргелі елге айналып отыр.

Ел үшін қызмет еткен хандар мен бектердің, қолбасшылардың ата-тегі, өмір сүрген ортасы, тарихқа ықпалы, дара болмысын құрайтын жеке қасиеттері, елінің жанашыры, туған жерінің қорғаушысы ретіндегі тұлғалық сапасын бейнелейді [8,85].

«Ақылды кісілерді, батыл кісілерді
табғаштар қозғай алған жоқ.
(Егер) бір кісі алданса (онда) руы,
халқы тұқымына дейін қалмас еді.
Тәтті сөз, асыл дүниесіне

көп алданып
 Түрк, халқы, қырылдың,
 Түрк халқы, жойылдың,
 Түстікте Шұғай қойнауы түгіл,
 Түн жазығына қоныстансақ десуші ең.

Түрк халқы, жойылдың...» [3, 349] Бұл жолдар арқылы түркі халқы ақылды, батыл көсемдердің арқасында сақталып қалатынын түсінуге болады. Елдің жігерін көтеру мақсатында жазылатын жырлардың бастауы осы кезеңдерден нәр алатынын байқаймыз.

Мақалада сөз болған көне түрк қаһармандық дастандары – түрк халықтарының ежелгі ерлік тарихын аңызға айналған шежіре-деректер негізінде баяндайтын қаһармандық жырлар. Осы тарихи жырлар арқылы түркілердің дүниеге көзқарасын, олардың ел билеу жүйесін, батырлар мен хандар тұлғасын тануда біз мәңгілік сарынын көре аламыз [10,196].

Қорытынды. Түркі халықтарының ертедегі мәдениеті, өткен тарихы, жалпы даму кезеңдері көне түркі әдебиетінің қалыптасуына да негіз болды. Ерлік эпосына жататын түркі ескерткіштерінен, ел мен жер қорғаудағы жойқын жорықтарынан түркі халқының ел болудағы ізгі арманын, мақсат-мүддесін байқаймыз.

Түркі халқының елдігінен айрылып, қағансыз қалып, тағы да басқаларға бағынып, одан қайта көтеріле бастағаны, жаңа қаған отырғаннан кейін елдің басын біріктіру шаралары, яғни «түнде ұйықтамай, күндіз отырмай, түркі елі үшін қызыл қанын ағызып, қара терін төккені, күш-қуатын бергені» жайлы пайымдадық. Осының бәрі кейінгі ұрпаққа да үндеу ретінде айтылғанын байқаймыз. Ендеше Мәңгілік Ел ұғымы, тәуелсіздік рухы, азаттық идеясы бір-бірімен үнемі үндескен.

Әдебиеттер

1. Қыраубайқызы А. Ежелгі әдебиет. – Астана: Елорда, 2001. – 224 б.
2. Келімбетов Н. Көркемдік дәстүр жалғастығы (Ежелгі түркі поэзиясы және қазақ әдебиеті бастаулары): зерттеу. – Астана: Елорда, 2000. – 288 б.
3. Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Астана: Күлтегін, 2012. – Т. 1. – 521 б.
4. Батырлар жыры / құраст. О. Нұрмағамбетова. – Алматы: Жазушы. – 1977. – Т. 1. – 456 б.
5. Әдеби жәдігерлер: 20 т. / құраст. Ш. Ахметұлы, А. Әлібекұлы және т.б. – Алматы: «Таймас» баспай үйі, 2007. – Т. 1. – 504 б.
6. Сартқожаұлы Қ. Қазақ қолжазбалары. Көне түркі жазба әдеби үлгілері: Орхон мұралары. – Алматы: Ел-шежіре, 2011. – Т. 2. – 340 б.
7. Айдаров Ғ. Тоныкөк ескерткішнің (VIII ғасыр) тілі. – Алматы: Қазақстан, 2000. – 120 б.

8. Оразбай С. Орхон-Енисей ескерткіштері мәтіндеріндегі тарихи тұлғалар бейнесі // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. ФИЛОЛОГИЯ сериясы. N 2 (127) / 2019. – Б. 84-90.

9. Alimbayev, A.E., Daurenbekova, L.N., Kemenger, K.R., Imanberdiyeva, S.K., Bashirov, N.K. The Idea of Eternal Country in the First Epic Poems of the Turkic People // Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanitiesthis link is disabled, 2020, 12(4), pp. 1–11 DOI: <https://dx.doi.org/10.21659/rupkatha.v12n4.29>

10. Алимбаев А.Е. Көне түркі әдеби мұралары – мәңгілік ел идеясының жаршысы // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. №1. – 2019. – Б. 190-196

А.Е.АЛИМБАЕВ

Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан

НАРОДНОСТЬ И ГЕРОИЗМ В ДРЕВНИХ ДАСТАНАХ

Аннотация. В статье рассказывается о миролюбии, войне, героизме. С момента создания мира борьба за выживание - это непрерывный процесс. Побеждают сильные, проигрывают слабые. Это борьба, которую люди всегда будут вести, пока будут существовать. Неудивительно, что миры, находящиеся сейчас на грани исчезновения с лица земли, могут со временем процветать и возрождаться, или что мир, который процветает сегодня, завтра исчезнет без следа. То, что определяет существование или отсутствие, победу или поражение, – это война, гонка вооружений и т.д. В произведениях, высеченных на камне, можно найти ответы на вопросы о причинах начала войны, о том, почему она велась, о том, что хотели спасти. Мы видим, что нам также нужно сражаться, чтобы процветать и стать гигантской империей. В надписях, высеченных на вечном камне, мы видим лучшие примеры победы страны, выигравшей войну, как проигравшие победили войну.

Создатель поселил человечество на земле, разделил землю и создал разные языки, цвет кожи, глаз, волос, чтобы они не были похожи друг на друга. И человечество начало строить государства на основе этих делений.

Когда сильные, верившие в свою силу, осознали, что чужая земля более обширна и плодородна, у них возникло желание захватить, поэтому они научились создавать оружие, чтобы уничтожить тех, кто похож на них, и со временем это оружие стало еще страшнее, еще более безжалостным. Последствия привели к тому, что страны стали врагами и воевали. В статье были сделаны выводы о том, были войны с целью расширения земли, неограниченной власти.

Ключевые слова: страна, земля, герой, богатырь, древняя литература, неограниченная власть, война.

A.E.ALIMBAYEV

A.K. Kussayinov Eurasian humanities institute, Astana, Kazakhstan

NATIONALITY AND HEROISM IN ANCIENT DASTANS

Annotation. The article tells about peacefulness, war and heroism. Since the creation of the world, the struggle for survival is a continuous process. The strong win, the weak lose. This is a struggle that people will always fight as long as they exist. It is not surprising that the worlds that are now on the verge of disappearing from the earth can eventually flourish and revive, or that the world that is flourishing today will disappear without a trace tomorrow. What determines existence or absence, victory or defeat, is a war, an arms race, etc. In the works carved in stone, you can find answers to questions about the reasons for the outbreak of the war, about why it was waged, about what they wanted to save. We see that we also need to fight to thrive and become a giant empire. In the inscriptions carved on the eternal stone, we see the best examples of the victory of a country that won the war, as the losers won the war.

The Creator settled humanity on earth, divided the earth and created different languages, skin color, eyes, hair, so that they would not resemble each other. And humanity began to build states on the basis of these divisions.

When the strong, who believed in their strength, realized that someone else's land was more vast and fertile, they had a desire to seize, so they learned to create weapons to destroy those who looked like them, and over time these weapons became even scarier, even more ruthless. The article concluded that there were wars in order to expand the land, unlimited power. The consequences led to the fact that the countries became enemies and fought.

Keywords: country, land, hero, hero, ancient literature, unlimited power, war.

References

1. Qyraubaiqyzy A. Ejelgi ädebiet. – Astana: Elorda, 2001. – 224 b. 2
2. Kelimbetov N. Körkemdik дәстүр жалғастығы (Ejelgi türkı poeziasy және qazaq ädebietı bastaulary): zertteu. – Astana: Elorda, 2000. – 288 b.
3. Joldasbekov M. Asyl arnalar. – Astana: Kültegin, 2012. – T. 1. – 521 b.
4. Batyrlar jyry / qūrast. O. Nūrmağambetova. – Almaty: Jazuşy. – 1977. – T. 1. – 456 b.
5. Ädebi jädigerler: 20 t. / qūrast. Ş. Ahmetūly, A. Älibekūly және t.b. – Almaty: «Taimas» baspai üii, 2007. – T. 1. – 504 b.
6. Sartqojaūly Q. Qazaq qoljazbalary. Köne türkı jazba ädebi ülgileri: Orhon mūralary. – Almaty: El-şejire, 2011. – T. 2. – 340 b.
7. Aidarov Ğ. Tonykök eskertkişiniñ (VIII ğasyr) tılı. – Almaty: Qazaqstan, 2000. – 120 b.

8. Orazbai S. Orhon-Enisei eskertkışteri mätinderindegi tarihi tülğalar beinesi // L.N. Gumilev atyndağy Eurazia ülttyq universitetiniñ HABARŞYSY. FİLOLOGİA seriasy. N 2 (127) / 2019. – B. 84-90.

9. Alimbayev, A.E., Daurenbekova, L.N., Kemenger, K.R., Imanberdiyeva, S.K., Bashirov, N.K. The Idea of Eternal Country in the First Epic Poems of the Turkic People // Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanitiesthis link is disabled, 2020, 12(4), pp. 1–11 DOI: <https://dx.doi.org/10.21659/rupkatha.v12n4.29>

10. Alimbaev A.E. Köne türkı ädebi müralary – mäñgılık el ideiasynyñ jarşysy // Eurazia gumanitarlyq institutynyñ Habarşysy. №1. – 2019. – B. 190-196

Автор туралы мәлімет:

Алимбаев Аслан Есемканович – философия докторы (PhD), А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті, Астана, Қазақстан

Алимбаев Аслан Есемканович – доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К.Кусаинова, Астана, Казахстан

Alimbayev Aslan Yesemkhanovizh – Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor, A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute, Astana, Kazakhstan.

ХҒТАР 17.07.65

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-3.08>*М. АМАНҒАЗЫҚЫЗЫ¹ М.С. ОРАЗБЕК² А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Астана,
Қазақстан¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан²
(e-mail: moldir_amangazykyzy@mail.ru¹, makpal_zere@mail.ru²)***ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҚАЛА БЕЙНЕСІ**

Аңдатпа. Мақалада қазіргі қазақ поэзиясындағы қала туралы жазылған өлеңдер талданған. Ғылыми зерттеудің мақсаты – көркем шығармадағы қала бейнесінің суреттелу ерекшелігін анықтау, қазіргі қазақ әдебиетіндегі қала тақырыбында жазылған шығармаларды талдау арқылы қазақ әдебиеттануында «алматылық мәтін», «астаналық мәтін», «Алматы түні», «Астана таңы», «қалалық қыз», «көше шамдары», т.б. ұғымдарды орнықтыру. Зерттеу барысында қалалық мәтінді зерттеген Ю.М. Лотман, В.Н. Топоров, С.П. Гулин, Вяч.Вс. Иванов, Н.В. Шмидт, В.Г. Ильин және т.б. ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды. «Қалалық мәтін» ұғымының анықтамасы жүйеленіп, ұсынылды. Зерттеу нысаны ретінде Ғ. Жайлыбай, Д. Кәпұлы, А. Файзолланың қала тақырыбын арқау еткен өлеңдері алынды. Қала туралы жазылған өлеңдерді талдау барысында ақындардың қаланы суреттеудегі ерекшеліктері айқындалды. Кез келген қаланың тарихы белгілі бір тұлғаның есімімен, тарихи оқиғалармен байланысты болатындығы көркем мәтіндердегі интермәтіндік элементтерді (реминисценция, аллюзия) анықтау барысында белгілі болды. Сондай-ақ, ақындардың қаланы қабылдау сезімдері (жатсыну, жалғызсырау, қалаға бауыр басу, т.б.) мысалдар арқылы дәйектелді.

Зерттеу барысында қазіргі қазақ поэзиясындағы «қалалық мәтіннің» ерекшеліктерін айқындап, сипаттау мақсатында құрылымдық-семантикалық, интермәтіндік, герменевтикалық зерттеу әдістері қолданылды.

Зерттеу негізінде алынған нәтижелерді жоғары оқу орындарында оқытылатын «Әдебиет теориясы», «Заманауи қазақ әдебиеті» пәндері бойынша дәрістер мен практикалық сабақтарға дайындық кезінде қосымша оқу материалы ретінде пайдалануға болады.

Түйін сөздер: қазіргі қазақ поэзиясы, қала бейнесі, қалалық мәтін, поэтикалық дискурс, уақыт пен кеңістік.

* Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын «AP19176500 – Қазіргі қазақ әдебиетіндегі қала бейнесі және кейіпкерлер типологиясы» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Кіріспе. Қазіргі қаланың өмірін көрсететін әлеуметтік қатынастардың дискурстың әртүрлі типтерінде көрініс беруі де түрліше. Әлеуметтік өмірді суреттеуге басымдық бермейді деп саналатын поэтикалық дискурс бұл аспектіде аз зерттелген. Алайда қазіргі ақындардың шығармашылығында қала бейнесінің ерекше орын алатындығын байқауымызға болады. Бұл мақаланың зерттеу нысаны ретінде қазіргі қазақ поэзиясының дискурсы алынды. Түрлі поэзиялық мәтіндерді саралай отырып, авторлардың қазіргі қала бейнесіне деген әрқайсысының жеке қолтаңбасын тануға болатындығын және көркем туынды әр автордың әлемге деген жалпы көзқарасын ашып бере алатындығын байқадық. Қала бейнесінің көркемдік сипаты ақындардың ішкі толғаныстарымен астасып, көркем әдебиетте жаңа типтегі кейіпкерлер әлемін қалыптастырғаны анық. Бұл тұрғыда поэзиялық шығармалардың ойды ерекше пафосқа салып беретін ерекшелігін де есте ұстаған абзал. Себебі әр ақынның өз әлемінде өз қаласының бейнесі қалыптасады. Қала бейнесінің көркем әдебиетте қалыптасуының даралық және типтік сипатының ерекшеліктерін ашу – негізгі мақсаттардың бірі.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Көркем мәтіндегі «қала» феноменін түсіндіру мен қарастырудағы түрлі көзқарастарға қарамастан зерттеушілер жеткен ортақ бір мәміле – оның ауқымды әрі көпмағыналы мәдениеттанымдық бірлік екендігі. Бұл туралы, мәселен, Ю.М. Лотманның, В.Н. Топоровтың, С.П. Гуриннің, Вяч.Вс. Ивановтың, Н.В. Шмидттың, В.Г. Ильиннің және т.б. еңбектерінде айтылған. Ю.М. Лотманның пікірінше «қала күрделі семиотикалық механизм, мәдениет генераторы ретінде... түрлі тілдер мен түрлі деңгейге жататын түрлі тәртіптегі әрі әртекті мәтіндер мен кодтардың қазандығы тәрізді... Әртүрлі ұлттық, әлеуметтік, стильдік кодтар мен мәтіндерді түйістіре отырып қала алуантүрлі гибридтеу, қайта кодтау, семиотикалық аудармаларды жүзеге асырады, осы дүниелер оны жаңа ақпараттың қуатты генераторына айналдырады» [1, 35]. Ғалымның ойымен келісе отырып, қала туралы жазылған поэзиялық туындылардың ұлттық белгісінің де өзіндік орыны бар екенін айтқымыз келеді.

Осылайша, зерттеушілердің пікірлері мен байламды пайымдарын негізге ала отырып мынадай гипотеза түйіндедік: «Қала – авторлық сана мен жеке тәжірибеде сыналып, кодталған тарихи-мәдени ақпарат иесі». Бір жағынан қарағанда, бұл – гений адам тудыру, қазіргі болмыстың көрінісі болса, екінші жағынан қарағанда, қала өзінде өмір сүріп жатқан адамды қалыптастырады, оның ойына, мінезі мен әрекетіне өзінің өзгермес таңбасын басады. Жоғарыда аталған қалалықтың типтік бейнесі мен даралық сипаты да өзіндік рөл атқарады. Сонымен қатар, әр қаланың өзінің типажы болатынын да басты назарда ұстауымыз керек.

Қала – жаһандық кеңістікті мәденилендіру мен тиімді реттеу тәсілі, адам қолымен жасалған дүниені табиғи әлемге енгізу. Қалалық кеңістік адамның

бастапқы, табиғи өмір сүру ортасын арнайы мәдени элементтермен, координаттармен, құрылыммен, архитектурасымен түрлендіреді, сөйтіп оны адам өмірі үшін мүлде жаңа, таңбаға бай ортаға айналдырады.

Көркем мәтіндегі урбанистік кеңістіктің ұйымдасуына талдау жасауда қалалардың орналасуының бірнеше моделі бары назарға ілікті. Олардың кейбірі биікте, тау басында тұрады, жер мен көкті «байланыстырушы» тәрізді. Қаланың мұндай типін, сенім бойынша, құдайлар қалыптастырған, оның бастауы бар, бірақ соңы жоқ – бұл «мәңгілік қала» аналогы. Ал оған қарама-қарсы тарапта қаланың екінші типі орналасқан, ол шет аймақта, шекарада. Оны суреттеу барысында жер мен көктің вертикальды ара қатынасы бейнеленбейді, алайда горизонтальды «жаңа», «қалалық», «өркениетті», «жасанды, жасалған/«өзінікі», «табиғилық» байқалады. Мұндай қалалардың стихиялық апат кезінде жоғалып кету қауіпі басым [1, 30-45]. Қала бейнесінің табиғаттағы қалың орманның бейнесінен метафоралық тәсіл арқылы жасалған түрі де кездеседі. Қаланың адам қолымен жасалған жасандылық табиғаты да ғалымдардың назарынан тыс қалған емес. Сондықтан да көркем туындыларда қаланың жасанды ерекшелігі әр қырынан бейнеленеді.

Бір ескеретіні, жер бетіне горизонталь орналасқан қалалық топос қашан да өзінің көпқабатты құрылыстарымен, шіркеу күмбездерімен көкке ұмтылады [2]. Қала кеңістік құрады, материалдық ресурстар мен мәңгілік киелі құндылықтарды жинақтайды. Урбанистикалық кеңістік аясында өркениет құрылады, мәдениет қалыптасады, сөйтіп тарих жасалады, рухани әрі зайырлы билік пайда болады. Бұл контексте «қалалық мәтін» қасиетті ұғымға ие. Адам қолымен жасалған кеңістік табиғаттың сыртқы күшіне батыл қарсы тұрып, адам мен табиғат ара қатынасында ішкі үйлесім қалыптастыруға күш салады.

Қала әртүрлі формада көрініс береді: тұрғын үйлер, құрылыстар, жол қиылыстары, символдық атрибуттар (мейрамханалар, фонарлар, жарнамалар және т.б.) [3, 213-226]. Дәл осы қалада халық бұқарасы мен күшінің тоғысуы орын алады. Қала тұрғыны, оның қоршаған ортаны қабылдауы – «қалалық мәтіннің» бөлінбес бір бөлшегі. Қала құрылысындағы әр детальдың шығарманың идеясын ашуға қызмет ететінін ұғуға болады.

Сонымен «қалалық мәтін» дегеніміз не?

Бұл ұғым әлі күнге дейін жүйелі зерттеуден өткен жоқ, дегенмен «түрлі зерттеулерде «петербург мәтіні», «мәскеу мәтіні», «қырым мәтіні» деген терминдер қолданылып жүр (үйреншікті болып та кетті)» [4, 4]. Н.В. Шмидт авторлық «қалалық мәтінді» «қалалық тұрмыстың айырықша моделін танытатын бейнелер, сарындар, сюжеттер кешені ретінде қарастырады және ол көркемдік бейнелеу құралдарының белгілі бір жүйесімен сипатталады» [4, 11]. Өз кезегінде қалалық мәтін қаланың вербалды бейнесін қалыптастыратын маңызды элемент.

Талқылау мен бақылау. Қалалық мәтінді зерттеген В.Н. Топоров

қалалық мәтіннің көркем кодтарын анықтап берген болатын: 1) табиғи және мәдени бейнелер (белгілер); 2) уақыт пен кеңістікті, олардың шектілігі мен созылыңқылығын бейнелеу тәсілдері; 3) адамдардың тегі мен аттары; 4) топонимдер; 5) метабейнелеу элементтері (театр, декорация, рөл, актер және т.б.); 6) жалпы лексикалық-ұғымдық сөздік [5, 74]. Яғни қалалық мәтінді қабылдау арқылы санамызда белгілі бір қала туралы бейне қалыптасады.

Ғалым В.Н. Топоровтың жіктеуін негізге ала отырып, қазіргі қазақ поэзиясындағы Алматы және Астана қалалары туралы жазылған өлеңдерді зерттеу нысанына алдық. Қаламгерлер өз туындыларында аталған қалаларды алғаш көргендегі сезімдерін, қаланың әсем көрінісін, осы қаламен байланысты жеке естеліктерін, тарихи оқиғаларды есіне алады. Мәселен, Алматы қаласы дегенде күн нұрына бөленген жастардың әсем қаласы деген бейне қалыптасса, Астана заманауи технологиялардың мекені, жаңа қала, жас арудың бейнесінде көрінеді. Дегенмен екі қаланы салыстырып қарасақ, халық арасында қалыптасқан негізгі көркем бейнесі осы. Дей тұрғанмен қаланың бейнесін суреттегенде авторлардың өзіндік ұстанымдары мен сол қалаға деген махаббаты, сүйіспеншілігі қатар өрілетінін есте сақтаған жөн.

Ақын Ғалым Жайлыбай Алматы қаласы туралы жазылған «Алматы» дейтін өлеңінде:

Желтоқсанның жанылған

Қайрағындай – Алматы [6, 83], – деп Алматы қаласында 1986 жылы Желтоқсан оқиғасының өткендігін оқырманның есіне салады. Бұдан бөлек аталған өлеңінде ақын Көктөбе, Алматының алмасы сияқты қаланың өзіне ғана тән табиғи ерекшеліктерін атап өтеді:

Жазылмаған жыр ма екен,

Шертілмеген сыр ма екен?

Көктөбенің етегі –

Көктем көшкен бір мекен.

Алмасы да азайып,

Арнасы да азайып,

Қайран шаһар ғажайып,

Сәл мұңайып тұр ма екен? [6, 83].

Риторикалық сұрақтарды қолдана отырып оқырманының назарын аудару арқылы алмасы мен арнасы азайған, бұрынғы салтанатты кейпі солғын тартқан қаланы байқатады. «Қайран», «шаһар» деген екі сөз контекстік байланыста лирикалық кейіпкердің өкінішті сезімін білдіреді. Елдің саяси өмірінде қаланың алатын орны да көптеген ақындардың жырларында ерекше көрінеді. Желтоқсан көтерілісінің «қайрағындай» деген теңеудің өзі Алматы қаласының елдің саяси санасын қалыптастырудағы орнын айқындайды.

Кейіптеу тәсілі арқылы «сәл мұңайып тұрған» қаланы суреттейді де, ары қарай ақын бұл қаланың өзі үшін қаншалықты маңызды екендігіне тоқталады:

Тұндыратын тұмамды
Тұнығымсың – Алматы.
Мұнар, мұнар, мұнарлы
Ғұмырымсың – Алматы.
Ақын болып фәниге,
Кірдік кеше – Алматы.
Өлең атты сәбиге
Кіндік шеше – Алматы [6, 84].

Ақын Алматыны өлең атты сәбидің «кіндік шешесі» дейді. Қазақ халқы үшін «кіндік шешенің» орыны ерекше екендігі белгілі. «Кіндік шеше» сөзінің бойындағы ұлттық колоритті автор ерекше пафосқа бөлеп айтады. Бұдан ақынның өмірінде Алматы қаласының да орыны ерекше екендігін көреміз. Лирикалық тұлға үшін Алматы қаласының маңызы ерекше екенін «тұнығымсың», «ғұмырымсың» сөздерінен де байқауға болады. Жалпы Алматы қаласының өнер адамдарының арасында ерекше құрметті екенін ескерсек, ақындардың мекеніне айналған қаланың асқақ бейнесі қарапайым әрі сүйкімді болып, әр адам үшін жүрегіне жақын бейнеге айналады.

Ғалым Жайлыбай еліміз тәуелсіздік алғанға дейін, яғни 1989 жылы жазылған «Астана мынау шамдары жасыл-қызылды» дейтін өлеңінде Алматы қаласындағы өз өмірін суреттей отырып, қаланың әлеуметтік жағдайынан хабар береді:

Тұрамыз біздер Алматы сауық қалада,
Сауық қалада әзірге қауіп бар ма, аға...
... Нашақор Коля түнімен ойранды салып,
Маша апай бізді жасырды тауық қораға [6, 229].

Ақынның «Маша апайдың тауық қорасы» деп отырғаны – сол тұстағы баспанасы жоқ қазақтардың өзге ұлттардың пәтерін жағалап жүргендегі жағдайы. Ақынның «Көшемін ертең» дейтін өлеңі «Астана мынау шамдары жасыл-қызылды» өлеңінің жалғасы іспеттес. Бұл өлең де 1989 жылы жазылған. Мұнда қаладан тұрақ таппай, «Аспанға көшіп, ақ сарай салып алуды» армандаған ақынның бейнесін көреміз:

Ақын:
Көшемін ертең,
Босатам Коляның үйін,
Бұл көшу маған, әрине, болады қиын... [6, 230], – деп, өзінің пәтерінен көшетіндігін және Алматы қаласында өзін «қарсы алған адамның» болмағандығын айтады:
... Алматыңыздан қарсы алған адам көрмедім,
Арқадан келген ақынды арқаға қағып [6, 230].
Өлең ақынның қиялымен түйінделеді:
Көгімнен түнде жұлдыздар жанып ағады,
Жанған жұлдыздың ақ таңға табы қалады.

... Арқадан келген ақынның арқасы қозса,
Аспанға көшіп, ақ сарай салып алады [6, 231].

Қалалық өмірдің сан алуан қиыншылықтарына қарамастан, адамның бойындағы «қалаға деген құштарлық» сезімі өшкен емес. Қаланы осылай қабылдаудың негізгі бастауын қаланы универсалды метафораға айналдырған, тұрақты образдар мен архетиптер жасырылған адам санасынан тыс, тереңнен іздеу керек сияқты [7, 252]. Мәселен аталған өлеңде еліміздің жүрегі болған әсем қаладағы қазақ жастарының сұрғылт өмірі бейнеленген. Бірақ лирикалық кейіпкердің белсенділігі мен өмірге құштарлығы, асқақтығы оның «аспанға сарай» салып алғысы келетінінен көрінеді. «Тауық қора» мен «аспандағы ақ сарай» контраст түсініктер болғандықтан өлеңдегі қала бейнесі өзінің ерекше келбетін тапқан. Өлеңде қарапайым қазақ баласының үлкен қаладағы сергелдеңі мен болашаққа деген сенімі шынайы да, көркем берілген. Туған жерінде өгейлік көріп келген жастың аспаннан ақ сарай салып алуға талпынуы да мұңды көрінеді.

Ақынның «Астанада, ақпанда» өлеңінде «Есілдің жағасына» орнаған Астана қаласындағы зәулім ғимараттармен қатар, елімізге танымал тұлғалардың да есімдері аталады:

Құйқылжытқым келіп тұр қыстың әнін,

Құстың әнін жырлаған Тұмағамдай [6, 28] деген жыр жолдары арқылы күллі қазаққа белгілі «Құстар қайтып барады» әнін өмірге әкелген қазақтың біртуар ақыны – Тұманбай Молдағалиевтің есімін оқырман санасында жаңғыртса, өлеңнің келесі шумағында:

... Айтулы ағам Айтұлы секілденіп

Бәйтеректің басына бір шығайын [6, 28], – деп, ақын Несіпбек Айтұлының «Бәйтерек» поэмасын тілге тиек етеді. Ақын өз өлеңін Астана қаласының ерекше боранын жырға қоса отырып түйіндейді:

Астанада,

Ақпанда,

Ақ боранда,

Өлеңдетіп қояйын осылай бір... [6, 29].

Астананың бораны жас ақын Алпамыс Файзолланың «Астана бораны» өлеңінде ақынның ішкі күйімен астасып беріледі:

Садақтан, ысқырады, атқан оқтай,

Екпіні – аламанда шапқан аттай.

Астана көшесінде келемін мен,

Соғады боран алдан бет қаратпай.

Сарсаңға салды ғой бұл қысың мені,

Күйімді безбүйрек қыс түсінбеді.

Сырттағы алай-дүлей басылар-ау,

Боранды қайтсем екен ішімдегі?.. [8, 92].

Лирикалық шығарманың ерекшелігі – ақынның ішкі күйін, сол сәттегі сезімін дәл бере білуінде. Бұл турасында ғалым Ахмет Байтұрсынұлы мынадай тұжырым жасайды: «Толғағанда айтатын нәрсесін толғаушы тысқарғы ғаламнан алмай, ішкергі ғаламнан алады. Толғаушы ақын әуелі көңілінің күйін-мұңын, мүддесін, зарын, күйінішін, сүйінішін айтып, шер тарқату үшін толғайды. Екінші ішкергі ғаламында болған халдарды, нәрселерді тысқа шығарып, басқаларға білдіріп, басқаларды сол көңілінің күйіне түсіріп, халын түіндіру мақсатпен толғайды. Толғау, қысқасынан айтқанда, іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі, ақындық жалғыз өз көңілінің күйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне салып, толғай алуда» [9, 104]. Олай болса, жоғарыдағы өлеңде ақынның ішкі алай-дүлей сезімін «бет қаратпай соққан» боранмен астастыра беруі де бекер емес. Ақын өзінің күйінішін айтып отыр әрі қаланың өзіне тән ерекшелігін, яғни ақ боранын суреттеп тұр. Боранды Астананың көркем бейнесін даралап көрсететін сипаты десек, осы арқылы қаланың өзіне ғана тән болып келетін жеке келбеті асқақтап шыға келеді. Қанша урбанизацияланды десек те, ақындардың табиғат құбылыстарына аса мән бере отырып, әр қаланың өз көркем бейнесін жасап шығатынын аңғардық.

Кез келген қаланың бейнесін сол қаланың тұрғындары толықтырып тұрады. ХХ ғасырдың басында Сұлтанмахмұт Торайғыров «Айтыс (қала ақыны мен дала ақынының айтысқаны)» поэмасы арқылы дала мен қаланы қарама-қарсы қойып, кең байтақ далада өмір сүріп жатқан адамдардың пейілінің кеңдігін, даланың артықшылығын назарға алып, өз туындысына арқау еткен болатын. Бүгінгі қазақ поэзиясында осы үрдістің әлі де болса сақталғандығын, ақындардың қаланы жатсынып, қала тұрғындарына деген көзқарастарын өзгерте қоймағандығын байқадық. Мәселен ақын Дәулеткерей Кәпұлы қала тұрғынының болмысы мен өз болмысын салыстырады:

Сен қаланың тұрғынысың тұрақты,
Мен даланың көкшуланы күнқақты.
Сендегі арман – баю болды мұратты,
Мендегі арман – жолжорғадай ырғақты.
Сен қасыңа шүлдірлеген сұлуды ап,
Отырасың шалқып, тасып барларда.
Мен Сүгірдің «Шалқымасын» ыңылдап,
Тартып кетем қаратаулық шалдарға [10, 66].

Яғни бұл жерде де қала мен даланы бір-біріне қарама-қарсы қою бар. Ол қарсылық сол жерді мекендейтін тұрғындар арқылы ашылады. Қала тұрғыны баюды мақсат ететін, барларда сауық-сайран қуып жүретін кейіпте суреттелсе, өзін қаланың тұрақты тұрғыны санамайтын ақын даланы аңсайды. Бұған қоса қалалық мәтін қазақ поэзиясына көптеген жаңа сөздерді алып келді. Жоғарыдағы Дәулеткерей Кәпұлының өлеңінде «бар» сөзі қолданылған.

Нәтижелер. Әдебиеттану ғылымында маңызды категориялар саналатын уақыт пен кеңістік адам өмірінде маңызды орын алады. Уақытты тоқтатуға адамның шамасы жетпесе де, кеңістікті, яғни өзіне жайлы, жанына жақын мекенді таңдауына мүмкіндік бар. Олай болса, қалалық кеңістіктің көркем шығармашылықта маңызды орын алуы бекер емес.

Ақын Ғалым Жайлыбайдың Алматы қаласы туралы жазылған өлеңдерінде қаланың өткені мен бүгіні қатар суреттеледі. Ал Астананы жырға қосқан өлеңінде еліміздің мәдени-рухани топстарын басты назарға алады. Бұл ақынның дүниетанымынан және мәдени-тарихи жағдайды қабылдауынан хабар береді.

Қорытынды. Қазіргі қазақ поэзиясындағы Ғ. Жайлыбай, Д. Кәпұлы, А. Файзолланың Алматы, Астана қалалары туралы жазған өлеңдерін талдай отырып, ақындардың қаланы суреттеудегі келесідей ерекшеліктерін байқадық:

1. Ақындар қала туралы жазғанда бірінші кезекте осы қаламен байланысты жеке естеліктерін есіне түсіреді;
2. Ақындардың санасында қала белгілі бір тұлғалардың есімімен байланысты суреттеледі;
3. Ақындардың қаланы қабылдауы бір арнаға тоғыспайды: Ғ. Жайлыбай өзінің туған қаласы болмаса да, Алматы қаласын ерекше көріп, жанына жақын тартса, Д. Кәпұлы қалалық өмірді жатсынады, қаланы өзгеше бір әлем ретінде қабылдайды.

Әдебиеттер

1. Лотман Ю.М. Символика Петербурга и проблемы семиотики города // Семиотика города и городской культуры. Петербург. Труды по знаковым системам 18. – Тарту, 1984. – 139 с.
2. Гурин С.П. Образ города в культуре: метафизические и мистические аспекты. URL: http://www.comk.ru/HTML/gurin_doc.htm (қаралды: 06.07.2023).
3. Стародубцева Л. В метафизических ландшафтах города // Философская и социологическая мысль. – 1993. – № 9-10. – С. 213-226.
4. Шмидт Н. В. Из истории городского текста: Город-миф в поэтической традиции Серебряного века. – Москва: Планета, 2008. – 202 с.
5. Аманғазықызы М., Оразбек М.С. «Қалалық мәтін» термині интерпретациясының ракурстары // Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – №2, 2023. – Б. 70-77.
6. Жайлыбай Ғ. Ардакүрең. Өлеңдер. – Алматы: Қайнар, 2008. – 288 б.
7. Amangazykyzy M., Orazbek M., Toxambayeva A., Akmanova G., Talaspaeva Zh. Existential motives in city prose // Astra Salvensis. – 2021. – V. 2021. – P. 251-268.
8. Файзолла А. Ақ сезімге ескерткіш: өлеңдер. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021. – 128 б.
9. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы:

Атамұра, 2003. – 208 б.

10. Кәпұлы Д. Маралтамыр: өлең, толғаулар, поэма. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021. – 160 б.

М. АМАНГАЗЫКЫЗЫ

Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан

М.С. ОРАЗБЕК

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана,
Казахстан

ОБРАЗ ГОРОДА В СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ ПОЭЗИИ

Бұл тәмсілде шами ағашы бекерден-бекер алынып отырған жоқ. Үндістердің діни сенімі бойынша, бұл ағаштың, яғни шамидің (самі, просоріс спісігера немесе тімоса сума) өзегінде от жанып тұрады. Сондықтан дауды шами ағашына от қою арқылы шешудің астарында да өзіндік түйін-тұжырым бар екені анық.

Үнді топырағынан нәр алған әдеби ескерткіштерде адамдар арасында дау туындаған кезде ағашты куәлікке тарту үрдісі кездеспей қалмайды. Мысалы, әлемді шарлаған «Тотынаманың» алтыншы түніндегі «Софы, ағаш ұстасы, зергер, тігінші, олардың ағаштан жасалған қыз бейнесіне ғашық болып таласқаны, қазі-дарақ билігі жайындағы әңгіменің» кейіпкерлері ұзақ дауласып, ақыры шаһар сыртында өсіп тұрған ағашқа келіп жүгінеді [24, 56], [25, 61]. Орыс жазушысы О. Сенковскийдің дәл осы тақырыпқа жазылған «Деревянная красавица» деген шығармасы бар [26, 236-242]. Бұл нұсқаларда «қазі-дарақ» өз діңін ашып, қызды тартып алып, «әр зат түбінде өз тегіне қосылады» деген қағиданы алға тартады. Ағаштың адамдарға төрелік ету тәсілі үндінің ежелгі үрдістерінен тамыр тартатын терең философиялық

тұжырымдарға негізделген.

«Кәлила мен Димнада» сауалды «Панчатантрадағыдай» жапа шегуші емес, ағаш басына төрт куәні ертіп келген қазының өзі қояды: «Мына кісінің айтып отырғаны дұрыс па? Сенің түбіңнен қазып алған ортақ қаражатты оның жолдасының алғаны рас па?». «Ант етуге бармын, алғаны рас». Адамның даусын естіген қазы бір шикілік бар екенін біле қояды. Бұл нұсқада қазының әрекеті көбірек суреттеледі. Ол алдымен төңіректі шолып шығып, ағаштың үлкен қуысы бар екенін байқайды. Бірақ шал тым тереңге жасырынғандықтан, ешнәрсе аңғарыла қоймайды. Қазы қызметшілеріне құрғақ шөп жинап, оны ағаштың айналасына қойып, өрт салуға тәртіп береді. Айқайлап, жұртты көмекке шақырған ақсақал әбден масқара болады. Қазы алаяққа дүре соқтырып, әкесін есекке теріс мінгізіп, қала жұртына көрсетіп, бүкіл ел алдында әшкерелейді. Ал ақшаны қайырымды көпеске бергізеді [21, 124-125].

Майлықожа өзінің «Аңқау мен қу» мысалында сюжеттің осы тұсын ширықтырып, өзгеше өң береді. Қазының сауалына сай жауап қайтарған екеудің жан-дүниесін көркем сөзбен кестелеп танытады. Өздерінің іс-әрекетін шағын монолог түрінде өздеріне айтқызады. Жапа шеккен аңқау мен жала жапқан қудың тартысын кейіпкерлердің ағынан жарылған әңгімесі арқылы шешу жолын таңдайды. Қудың айтқаны ақшасын ұрлатып, қиналып жүрген адамның емес, көңілі тоқ кісінің сөзі болып шығады. Майлықожа оны сипатын «Қу адам сөз сөйлейді шешенсініп, «Алып сатар өнерім делдалшылық. Жазықысы өнерім ауқат қылған, Жүремін делдалшылық бұ іс қылып» деп танытады. Керісінше аңқаудың сөзі күнкөрісін әзер тауып жүрген («Аңқау айтты құр жанмын мен бір пенде, Даладан таба алмаймын бір қу ине»), алдағы күннен үміті бар әрі қанағаты мол («Ошақтың үш бұтынан бер тәңірі деп, Отырамын қарынымды тоқтап үйде»), бақ-несібені Алладан ғана сұрайтын («Бар өнерім – намазым бес уақытым, Өзге өнер қылмасқа келмес шақтым») адал адам екені анық аңғарылады. Ақын адам психологиясын көрсету арқылы қазы шешімінің алғы шарттарын байқата бастайды. Ағаш басындағы төреліктің өлеңмен өрілген финалы былайша түйінделеді:

Бұл сөзі айтып ағашқа құлақ салды,
Дауыс шықты ағаштан: «аңқау алды».
Көп ақылды, білімді қазы еді,
Ағашта адам барын біле қалды.
Өкім қылды «ағашты өрте» деді,
От қойған соң ол шынар өртенеді.
Ойбай салып, ішінде біреу жатыр,
Ағашта адам барын біле қалды [1, 496].

Әрі қарайғы оқиға желісінің басқа нұсқалардан айырмашылығы жоқ. Тек Майлықожаның поэзиялық шығармасының образдары шебер кейіптелген. Баласының айтқанына көніп, абыройсыз іске бекінген әкенің пұшайман күйі

(«Алақандай құйқасы пісіп қалды, Есі кетіп зәресі ұшып қалды»), оқиғаны көзімен көргендердің әрекеті («Жиылған жұрт сол арада күліп-күліп, жанған оттан сөндіріп алды мұны»), от ішінен қашып шыққан қартаң кісінің өз айыбын мойындап, ақиқатты ақтаруы («Балам салды ағашқа кеулеп жерді, Алалық, – деп, – иламен мұнша зерді»), жала жабушының ел-жұртқа масқара болуы («Қулық қылған шерменде болып қалды, Бұл шаһарға мүттәйім қу атанды») қазақ болмысына бейімделіп суреттеледі. Жасаған қиянаты барлық нұсқада бірдей болса да, Майлықожаның кейіпкерлері «Панчатантрадағыдай» дарға асылмайды, «Кәлила мен Димнадағыдай» дүре соғу арқылы жазаланбайды немесе қара есекке теріс мініп, шаһардың ішін аралап шықпайды. Қазы кешірімшілдік көрсетіп, мәселені хақ жолымен шешіп, («Растықтың хақында Құдай жақ боп...»), адал адамға ақшасын өндіріп берумен («Со тілләнің бәрін де аңқау алды») шектеледі. Ақын «Бүгежектеп делдалдық қыла алмады, Төңіректің бәріне күлкі болды» деп түйіндеп, ел-жұрттың мазағына ұшыраудың өзін жазаның ең пәрмендісі деп біледі. «Аңқау мен құдың» соңындағы түйін-тұжырымды бұл шығарманың идеясы, тәрбиелік тұғырынамасы деп түсінгеніміз абзал:

Қу ағаштың басына жапырақ қонбас,
Қулықпенен еш адам сірә оңбас.
Ылажсыздан дұшпанға істетпесең,
Мекерліктің ұрығы ексе болмас.
Еш адам байымайды ұрлықпенен,
Момын адам байиды шындықпенен.
Басы жақсы болса да түбі жаман,
Білсең де жолдас болма сұмдықпенен [1, 497].

Бұл мысалдың байлам-байыптамасы қазақ халқының «Бас жарылса, бөрік ішінде, қол сынса, жең ішінде» деген кешірімшілдік қағидасымен астасып жатыр. Тентек пен теліні де сыртқа теппей, ақсақалдардың талқысына салып түзейтін дала заңына негізделген Майлықожа туындысының мән-маңызын осы тұрғыдан қарастырған жөн.

Нәтижелер. Енді мақаламызға арқау болған Майлықожа Сұлтанқожаұлының «Аңқау мен қу» мысалының мазмұндық-стильдік жағынан «Панчатантра» мен «Кәлила мен Димнаның» сюжетінен несімен ерекшеленетініне тоқталайық.

«Үнді әдебиеттерінен араб нұсқаларының көмегі арқылы жекелеген шығармалардың әдеби және ауызша тарату жолымен ауысу мүмкіндігі бар екенін» [27, 351] атап өткен А.Веселовский тұжырымына жүгінсек, Майлықожа туындысы соның нақты мысалы бола алады. Қазақ ақыны өз шығармасында ежелгі сюжетті үнді және араб дәстүрінің ықпалынан арылтып, ұлттың салт-санасына бейімдеп, нәзирашылдық жолмен жаңа көркем дүние жырлап шықты.

Тағы бір айта кететін мәселе, Майлықожа жазбаша дәстүрге бейім болғанымен, оның авторлық ауызша поэзияның өкілі екенін ұмытпауымыз керек. Оның үстіне өз қолымен толтырған қолжазбалары көп сақтала қоймаған соң негізі зерттеуге өзек болған «Аңқау мен қу» мысалы да жұрт жадында жатталған дүниенің бірі екеніне дау жоқ. Бұл мысалдың мәтінін қайта-қайта саралай келе, «Аңқау мен қу» авторлық ауызша поэзияның жемісі деп топшылауға болады.

Сондай-ақ, Майлықожа өз шығармасында ойлы образдар, бедерлі бейнелер жасап, туындысына өзгеше сипат берді. Тіпті кей тұста мысалдың көркемдік деңгейі өзіне негіз болған әдеби ескерткіштерден асып түскендей әсер қалдырады.

Сонымен қатар, Майлықожа түрлі ахуал жағдайындағы мінез-құлық өзгерістерін, адам психологиясының түрленістерін шынайылықпен суреттейді. Кейіпкерлері аса көп болмаса да, адамдар арасындағы тартысты барынша ширықтырып, тыңдаушысын еліктіреді. Шығармасының кульминациясы, оқиғасының түйін-тұжырымы көркемдік критерийлермен берік сабақтасып жатады.

Осының нәтижесінде түп тамыры арғы дәуірдің белестерінде, тым тереңде жатқан «Аңқау мен қу» мысалы үнді сюжетінің сілемі секілді емес, қазақ топырағында туған төл шығарма тәрізді санамызға сіңгені анық.

Қорытынды. Мақаламызды түйіндей келе мынадай тұжырымдарға табан тірегенді жөн көрдік.

Біріншіден, қазақ поэзиясының алыбы Майлықожа Сұлтанқожаұлы шығыс әдебиетінің үлгілерімен жете таныс болған. Ол үнді, араб, парсы елдерінен бастау алып, Орталық Азияға жеткен әдеби жәдігерліктерді жақсы білген. Бұл мысалдан жоғарыда аталған шығармалардан басқа да туындылардың ықпалы байқалып қалады.

Екіншіден, көне дәуір құндылықтары негізінде бірнеше шығарманы жырлап шыққан Майлықожаның бұл тәсілге әбден төселгені байқалады. Кейіпкерлер тартысы, мінездер қақтығысы, адами қатынастар мәселесі мысалда жоғары деңгейде көрініс тапқан. Ол шығарманы бірден өзге әдебиет ықпалынан барынша оқшаулап алу қағидасын ұстанады.

Үшіншіден, «Аңқау мен қудың» жазба әдебиеттің жемісі емес, жұрт қаумалап, алқа-қотан отырғанда жырланған шығарма болу мүмкіндігі басымдау деп ойлаймыз. Сөз қайталаудың көптігі, ауыз екі сөз үлгісіндегі толғамдардың жиі кездесетіні, жалпы, жыршылық дәстүрдің сипатына жақындығы осындай ойға жетелейді.

Төртіншіден, Майлықожа мысалының көркемдік деңгейі, эстетикалық әсері, тартымдылық табиғаты ешқандай дау тудырмайды. Қазақ әдебиетінің нәзирашылдық үлгімен жырланған шоқтығы биік шығармасы ретінде бағалана беретіні анық.

Қорыта келе айтарымыз, Майлықожа Сұлтанқожаұлының «Аңқау мен қу» мысалы – тағылымды тәмсілден тәрбиелік мәні зор толғауға айналған, тарихи тамыры терең, көркемдік кестесі келісті қастерлі құндылықтарымыздың бірі. Бұл туынды, сонымен қатар, біздің өзге халықтармен рухани және мәдени байланыстарымыздың бастауы тым әріде жатқанын айғақтай түседі.

Әдебиеттер

1. Оспанұлы Ә. Қаратау шайырлары. – Алматы: «Қазақ университеті», 1991. – 192 б.
2. Майлықожа. Шығармалар (Құрастырған Ә.Оспанұлы). – Алматы: «Атамұра», 2005. – 864 б.
3. Шуксаптати (Перевод с санскрита М.Ширяева). Москва: Издательство Восточной литературы, 1960. – 129 с.
4. Тотының тоқсан тарауы (Шуксаптати). (Аударған Ғайса Сармурзин). – Алматы: «Жазушы», 1970. – 200 б.
5. Мухаммад аз-Захири ас-Самарканди. Синдбад-наме (Перевод с персидского М.Османо́ва). – Москва: Изд. Восточной литературы, 1960. – 314 с.
6. Сайид Хайдар Бахш Хайдари. Сказки попугая (Тота Кахани) (Перевод с языка индустани (урду) М.Княгиной-Кондратьевой). – Москва – Ленинград: «Academia», 1933. – 252 с.
7. Имад ибн Мухаммад ан-Наари. Жемчужины бесед (Джавахир ал-асмар) (Перевод с персидского М.Османо́ва). – Москва: «Наука», 1985. – 400 с.
8. Хитопадеша или полезные советы. – Москва: «Детская литература», 1958. – 160 с.
9. Жизнь Викрами или 32 истории царского трона (Перевод с санскрита П.Гринцера). – Москва: Издательство Восточной литературы, 1960. – 240 с.
10. Тридцать две новеллы о монахах (Перевод с санскрита И. Серебрякова). – Москва: Государственное издательство художественной литературы, 1962. – 104 с.
11. Двадцать пять рассказов Веталы (Перевод с санскрита И. Серебрякова). – Москва: Государственное издательство художественной литературы, 1958. – 150 с.
12. Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. – Астана: «Аударма», 2002. – 584 б.
13. Әбжет Б. Түркі және иран халықтары ертегілеріндегі мифологиялық кейіпкерлер. – Түркістан: «Тұран», 2008. – 278 б.
14. Ергөбек Қ. Ергөбек С. Қазақ дәстүрлі жазба әдебиеті және кітаби ақындар шығармашылығы (ХІХ ғ. екінші жартысы мен ХХ ғ. басы). «Түркістан» жинағы, 7-том. – Түркістан: Қазақ-түрік университеті, 2003. – 451 б.
15. Жаппарқұлова А. Майлықожа Сұлтанқожаұлының шығармашылық мұрасы. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін

дайындалған диссертация. – Алматы, 2010. – 112 б.

16. Gulnaz A. Talipova, Fleur F. Gilemshin, Fanzilya H. Zavgarova and Alsou D. Battalova, 2015. Motives of Islamic Culture in Tatar Folk Tales. The Social Sciences, 10: 2081-2084. DOI: [10.36478/sscience.2015.2081.2084](https://doi.org/10.36478/sscience.2015.2081.2084).

17. Akhmedova, Z. J. (2021). The issue of the influence of “One thousand and one nights” on Turkic folklore. ISJ Theoretical & Applied Science, 11 (103), 836-840. (Scopus, Thomson Reuters)

18. Омаров Б. Қазақ ертегілері мен үнді әдеби ескерткіштеріндегі «көшпелі сюжеттер». Turkic Studies Journal, Нұр-Сұлтан, № 1, Vol. 4, 2022 // 58-69 б. DOI: <https://doi.org/10.32523/2664-5157-2022-1-58-69>

19. Омаров Б. Әсет Найманбаев шығармашылығы: шығыс дәстүрі және көшпелі сюжеттер. «Керуен», Алматы, № 4 (77), 2022 // 27-39 б. DOI: <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.4-02>

20. Омаров Б. Ежелгі үнді сюжетінің Майлықожа Сұлтанқожаұлының «Тотынама» мысалында трансформациялануы. ЕҰУ хабаршысы, Астана, № 1 (142), 2023 // 177-191 б. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-142-1-177-191>

21. Ибн ал-Мукаффа. Калила и Димна (Перевод с арабского Ш.Шидфар). – Москва: «Художественная литература», 1986. – 304 стр.

22. Панчатантра (Перевод с санскрита А.Сыркина). – Москва: Издательство АН СССР, 1958. – 376 с.

23. Сыркин А. Примечания // Панчатантра (Перевод с санскрита А.Сыркина). – Москва: Издательство АН СССР, 1958. – 376 с.

24. Зияаддин Нахшаби. Тотынама. – Алматы: Жазушы, 1991. – 304 б.

25. Зийа ад-Дин Нахшаби. Книга попугая (Тути-наме). – Москва: Наука, 1979. – 350 с.

26. Сенковский О. Деревянная красавица // Собрание сочинений Сенковского (Барона Брамбеуса) Т. 1. – Санкт-Петербург: Типография Имперской Академии наук, 1858. – 655 с.

27. Веселовский А. Историческая поэтика. – Ленинград: Государственное издательство «Художественное литература», 1940. – 650 с.

Б.Ж. ОМАРОВ

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана,
Казахстан

«ПАНЧАТАНТРА», «КАЛИЛА И ДИМНА» И КАЗАХСКАЯ БАСНЯ: СЮЖЕТ И ТРАНСФОРМАЦИЯ

Аннотация. Данная статья посвящена определению общности сюжетной линии басни известного представителя казахской поэзии Майлықожи Султанқожаұлы «Аңқау мен қу» («Простак и хитрец») с сюжетами

«Панчатантра» и «Калила и Димна». Анализируются пути развития сюжета, зародившегося сначала в древнеиндийском литературном памятнике «Панчатантра», затем перекочевавшего в литературный памятник арабского мира «Калила и Димна», позже распространившегося в странах Азии, в том числе адаптированных в творчестве мастеров слова Центральной Азии.

Автор статьи уделяет особое внимание освещению мастерства творческой импровизации Майлыкожи, исполнявшему собственные дастаны и басни, основой которых являлись восточные предания. Эти авторские интерпретации являются сегодня неотъемлемой частью сокровищницы казахской литературы. В статье анализируются художественные приёмы преобразования корневого сюжета, использовавшиеся акыном в процессе исполнения произведения в виде басни. Научному анализу также были подвергнуты особенности преобразования восточной притчи, адаптированной в казахской культуре.

На примере басни Майлыкожи «Аңқау мен қу» («Простак и хитрец») показана поэтическая трансформация сюжета, берущего своё начало в древнейшие времена. В статье также анализируются художественное своеобразие произведения, конфликт героев, система образов.

В данной работе всесторонне рассматривается уходящая своими корнями в «Панчатантру» и «Калилу и Димну» басня Майлыкожи как проявление глубоких исторических связей казахской литературы.

Ключевые слова. сюжет, басня, персонаж, притча, жырлау (воспевание в поэтической форме), литературный памятник, преобразование, трансформация.

B.ZH. OMAROV

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

**«PANCHATANTRA», «KALILA AND DIMNA» AND THE KAZAKH EXAMPLE:
PLOT AND TRANSFORMATION**

Abstract. The current work considers the issues of defining the storyline of the example of the most prominent representative of Kazakh poetry Maylikozha Sultankozhauy «Anqau men Qu» and the plot of «Panchatantra» and «Kalila and Dimna». The ancient Indian literary monument – «Panchatantra» is first reflected, from which the literary relic of the Arab world is transferred to «Kalila and Dimna», the analysis of the plot development, which spread to Asian countries, including the work of the Masters of the word of Central Asia, is carried out.

The author emphasizes the fact that Mailikozha, who sang several examples and sagas based on Eastern legends and added them to the treasury of our literature, showed the skill of creating a new work on the basis of an ancient plot. It is important to consider the artistic techniques the poet used in the process of singing

in the form of an example using the final plot. The features of the transformation of fable adapted to the Kazakh land are scientifically analyzed.

In the process of analyzing «Anqau men Qu» attention was paid to the demonstration of the poetic transformation of the plot, which continued from ancient times. The artistic level of the work, character conflicts, and the system of images were also analyzed.

The current work consiers the example of Maylikozha, which is rooted in «Panchatantra» and «Kalila and Dimna», was considered in detail as a reflection of the deep historical ties of Kazakh literature.

Keywords. Plot. Example. Character. Fable. Zhyrlau (praise in song). Literary monument. Vary. Transformation.

References

1. Ospanūly Ä. Qaratau şaiyrlary. – Almaty: «Qazaq universiteti», 1991. – 192 b.
2. Mailyqoja. Şyğarmalar (Qūrastyrған Ä.Ospanūly). – Almaty: «Atamūra», 2005. – 864 b.
3. Şukasaptati (Perevod s sanskrita M.Şiräeva). – Moskva: İzdatelstvo Vostochnoi literatury, 1960. – 129 s.
4. Totynyñ toqsan tarauy (Şukasaptati). (Audarған Ğaisa Sarmurzin). – Almaty: «Jazuşy», 1970. – 200 b.
5. Muhammad az-Zahiri as-Samarkandi. Sindbad-name (Perevod s persidskogo M.Osmanova). – Moskva: İzd. Vostochnoi literatury, 1960. – 314 s.
6. Saiid Haidar Bahş Haidari. Skazki popugaia (Tota Kahani) (Perevod s iazyka industani (urdu) M.Knäginoi-Kondratevoi). – Moskva – Leningrad: «Academia», 1933. – 252 s.
7. İmad ibn Muhammad an-Naari. Jemchujiny besed (Javahir al-asmār) (Perevod s persidskogo M.Osmanova). – Moskva: «Nauka», 1985. – 400 s.
8. Hitopadeşa ili poleznye sovety. Moskva: «Detskaia literatura», 1958. – 160 str.
9. Jizn Vikrami ili 32 istorii sarskogo trona (Perevod s sanskrita P.Grinsera). – Moskva: İzdatelstvo Vostochnoi literatury, 1960. – 240 s.
10. Tridsät dve novely o monahah (Perevod s sanskrita İ.Serebräkova). – Moskva: Gosudarstvennoe izdatelstvo hudojestvennoi literatury, 1962. – 104 s.
11. Dvadsät päť rasskazov Vetaly (Perevod s sanskrita İ.Serebräkova). – Moskva: Gosudarstvennoe izdatelstvo hudojestvennoi literatury, 1958. – 150 s.
12. Qasqabasov S. Janazyq. Är jylğy zertteuler. – Astana: «Audarma», 2002. – 584 b.
13. Äbjet B. Türki jäne iran halyqtary ertegilerindeğı mifologialyq keipkerler. –Türkistan: «Tūran», 2008. – 278 b.
14. Ergöbek Q. Ergöbek S. Qazaq дәstürlı jazba әdebieti jäne kıtabi aqyndar şyğarmaşylyğy (HИH ğ. екінші jartysy мен HИH ğ. basy). «Türkistan» jinağy, 7-tom. –

Türkistan: Qazaq-türük universiteti, 2003. – 451 b.

15. Japparqulova A. Mailyqoja Sultanojaulynyñ syğarmaşylyq mürasy. Filologia ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисертация. – Almaty, 2010. – 112 b.

16. Gulnaz A. Talipova, Fleur F. Gilemshin, Fanzilya H. Zavgarova and Alsou D. Battalova, 2015. Motives of Islamic Culture in Tatar Folk Tales. The Social Sciences, 10: 2081-2084. (Scopus)

17. Akhmedova, Z. J. (2021). The issue of the influence of “One thousand and one nights” on Turkic folklore. ISJ Theoretical & Applied Science, 11 (103), 836-840. (Scopus, Thomson Reuters)

18. Omarov B. Qazaq ertegileri men ündi әдеби eskertkisterindegi «köşpelі süjetter». Turkic Studies Journal, Nür-Sultan, № 1, Vol. 4, 2022 // 58-69 better.

19. Omarov B. Äset Naimanbaev syğarmaşylygy: syğys дәstürі және köşpelі süjetter. «Keruen», Almaty, № 4 (77), 2022 // 27-39 better.

20. Omarov B. Ejelgi ündi süjetiniñ Mailyqoja Sultanojaulynyñ «Totynama» mysalynda transformasialanuy. EÜU habarşysy, Astana, № 1 (142), 2023 // 177-191.

21. İbn al-Mukaffa. Kalila i Dimna (Perevod s arabskogo Ş.Şidfar). Moskva: «Hudojestvennaia literatura», 1986. – 304 s.

22. Panchatantra (Perevod s sanskrita A.Syrkina). – Moskva: İzdatelstvo AN SSSR, 1958. – 376 s.

23. Syrkin A. Primechenia // Panchatantra (Perevod s sanskrita A. Syrkina). – Moskva: İzdatelstvo AN SSSR, 1958. – 376 s.

24. Ziaaddin Nahşabi. Totynama. – Almaty: Jazuşy, 1991. – 304 b.

25. Zia ad-Din Nahşabi. Kniga popugaia (Tuti-name). – Moskva: Nauka, 1979. – 350 s.

26. Senkovski O. Derevannaia krasavisa // Sobranie sochineni Senkovskogo (Barona Brambeusa) T. 1. – Sankt-Peterburg: Tipografia İmperskoi Akademii nauk, 1858. – 655 s.

27. Veselovski A. İstoricheskaia poetika. – Leningrad: Gosudarstvennoe izdatelstvo «Hudojestvennoe literatura», 1940. – 650 s.

Автор туралы мәлімет:

Омаров Бауыржан Жұмаханұлы – ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Астана, Қазақстан.

Омаров Бауыржан Жұмаханұлы – академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Omarov Bauyrzhan Zhumakhanuly – Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Doctor of Philology, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

FTAХР 17.01.07

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-3.16>Г.С. САҒЫНАДИН 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(e-mail: gulnaz86.08@mail.ru)

ЭСТОФОЛЬКЛОРТАНУДЫҢ КЕЙБІР ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. Эстофольклортану – интегративті фольклортанудың бір құрылымдық саласы. Сөз өнері аясындағы эстетикалық нысандардың қайта көркем түлеуін қарастырады. Фольклордың бүгінде интегративті ғылым көзі ретінде зерттеу мүмкіндіктерінің кең диапазоны және сөз өнеріндегі интегративті негіздемелердің динамикасы аталмыш терминнің қалыптасуына әкелді. Сондықтан ұлттық дәрежедегі эстофольклортанудың жаңа ғылыми-әдістемелік концепциясын ұсыну – гуманитарлық саладағы заманауи тенденцияларға сәйкес жаңашыл әрі өзекті синергетикалық зерттеулердің бірі болмақ. Аталмыш зерттеу мақаламыздың басты мақсаты да осы. Ол үшін мынадай өзекті мәселелердің шешіміне қол жеткізу көзделді: фольклоризм типтерін анықтау және жүйелеу; әдеби шығармалардың фольклоризациялық деңгейін қарастыру. Соның ішінде ұлттық сөз өнеріндегі түйткілді мәселе – «жазба әдебиет – ауыз әдебиеті» қатынасына құрылған «кері байланыстың» теориялық табиғатын ашу; «инициарлы орта» концептісін тұжырымдау. Шетелдік тәжірибелерді талқылай отырып, инициарлы шығармашылық – авторлық ауыз әдебиеті ұғымдарын байланыстыру мүмкіндігі көрсету; білім берудің заманауи концепцияларына сүйене отырып, эстофольклортану теориясын оқытудың инновациялық жолдарын ұсыну. Мұндай міндеттердің жүзеге асырылуы фольклордың сандық көрсеткіштерін емес, интеграциялық сын-сипатын анықтай отырып, ұлттық ғылыми жүйедегі эстофольклортану саласының ғылыми теориялық статусын қалыптастыруға негіз болады.

Түйін сөздер: фольклор, эстофольклортану, әдебиет, әдебиеттану, сөз өнері, интеграция.

Кіріспе. Бүгінде фольклортану саласы интегративті ғылым ретінде новаторлық концепцияларын кеңейтіп жатқаны аян. Фольклортанушы ғалымдар фольклоризмді кең мағынада түсінуді алға тартады. Қаламгердің нақты фольклорлық материалмен тікелей ықпалдасуын ғана емес, сондай-ақ фольклордың синкретті сипатын есепке ала отырып, көркем шығармадағы халықтық мәдениет, таным құбылысының түгел жиынтық әсерін зерттеуге ұмтылады. «Фольклор мен әдебиеттің арақатынасын сыртқы «тоғысудан» ғана

емес, олардың «өзгертілген» түрдегі байланысының заңдылықтарын ашуға тырысу керек» [1, 14 б.]. Жаңа ракурстағы көпсалалы әрі күрделі сипатын зерделеу – жаһандану жағдайындағы күрделі де келелі мәселелердің бірі.

Фольклор о бастан диалогтік болмысқа ие. Соған сәйкес фольклордың бүгінде интегративті ғылым көзі ретінде зерттеу мүмкіндіктерінің диапазоны кеңейіп жатыр. Фольклортану – негізгі әдіснамалық бағытына кешенділік, ықпалдастық, салыстырмалы-типологиялық сипат тән болып келетін, зерттеу әдістері мен принциптері орныққан дербес ғылым. Фольклордың тарихы мен теориясының қалыптасу арналары халықтың танымымен, тарихымен, мәдениетімен, этнографиясымен байланысты екені белгілі. Жалпы, бүтіннің белесін бағындыру үшін алдымен, оның бөлшектерін бекем ету – басты қағидамыз. Сол үшін зерттеу көзіне интегративті фольклортанудың бір тармағы эстофольклортану саласы алынып отыр.

Эстофольклортану әдеби-фольклорлық ықпалдасу нәтижесіндегі әр текті материалдың идеялы-эстетикалық бірлігін зерттеуді көздейді. Әлемдік аренада жеке терминмен айшықталып, дербес сала ретінде дамуы оның зерттеу пәнінің заманауи сұраныстағы өзектілік динамикасын көрсетеді. Осы динамиканы ұлттық фольклортану аясында бағамдап, эстофольклортанудың теориялық принциптерін айқындаудың, сондай-ақ оны оқытудағы инновациялық тәсілдерін қарастырудың маңызы зор.

Сондықтан мақсат – қазіргі кезеңдегі фольклоризм және фольклоризацияның инновациялық мүмкіндіктерін зерделей отырып, ұлттық сөз өнері контекстінде эстофольклортанудың теориялық аспектілерін жүйелеу мәселесін қолға алу. Алынған ғылыми-теориялық концепцияларды оқытудың интегративті білім беру қағидаларына сәйкес жаңа парадигмаларын түзу.

Оған дәлел – соңғы уақытта ғылыми талқыда жүрген эстофольклортану саласы. «Эстофольклортану» ұғымы – жаңа терминдердің бірі [2]. Беларус ғалымдары К.М.Ковалёва және О.В.Приемко алғаш болып бұл терминге ғылыми анықтама берген. Сөз өнері аясындағы эстетикалық нысандардың қайта көркем түлеуі – эстофольклортанудың зерттеу пәні болып табылады. Аталмыш терминнің қалыптасуы оның зерттеу нысанының заманауи өзектілігімен тікелей байланысты. Себебі қазіргі сөз өнерінде интегративті негіздеме-лердің динамикасы айтарлықтай көрінуде.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Бұл зерттеудің негізгі стратегиясы герменевтикалық, салыстырмалы-типологиялық және салғастырмалы әдістерден құралады. Ол эстофольклортанудың негізгі ғылыми мәселелерін шешумен тікелей байланысты:

- Фольклор – ауыз әдебиеті – әдебиет триадасының идеялық-эстетикалық аспектідегі ықпалдасу сипаты мен дәрежесін бағалау.

- Ұлттық эстофольклортану саласының пәні, нысаны, теориялық қағидаларын қалыптастыру.

- Эстофольклортану теориясын оқытудың инновациялық тәсілдерін көрсету.

Мұндай әдіснама фольклорлық және әдеби туындылардың өзара байланысын, олардағы дәстүрлер ұқсастығы мен айырмашылығын анағұрлым толық анықтауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ әдеби жүйеге енетін фольклорлық элементтердің әлеуетті мүмкіндіктерін объективті түрде бағалауға негіз болады. Бұл ретте фольклорлық материалдың индивидуалды-авторлық интерпретациясы да айқындалады.

Талқылау мен бақылау. Идеялық-эстетикалық бірлік аясындағы әдеби-фольклорлық интеграцияның негізі фольклоризм және фольклоризация деген үдерістерден көрінеді. Егер әдебиет фольклорға жүгініп, одан көркемдік-эстетикалық қуат алатын болса, бұл – фольклоризм көрінісі. Керісінше, фольклор әдебиеттің ықпалымен өз форматын қалыптастырса, ол – фольклоризация үдерісі. Термин авторы – XIX ғ. француз фольклортанушысы Поль Себийо фольклоризмнің мағынасын фольклорды қолданудың түрлі формалары деп түсіндірген. Фольклоризм – тарихи категория. Әдебиеттегі фольклоризм проблемасы біршама уақыт бойы тек жекелеген қаламгерлердің халық шығармашылығына деген қызығушылығы дәрежесінде ғана қарастырылды. Кейінгі жылдары әдебиеттегі фольклоризм проблемасы жаңа сапада зерттеле бастады. Енді фольклоризмнің әдебиеттегі көрінісі әр түрлі қоғамдық-тарихи, идеялық-эстетикалық деңгейде саралау қолға алынды [3]. Ең алдымен «фольклоризм» ұғымына әр текті анықтамалар берілді. Біреулер үшін «фольклоризм қаламгерлердің фольклорға саналы түрде бет бұруы» [4] (У.Б. Далгат - дағыстан зерттеушісі, этнограф), ал кей зерттеушілер «әр түрлі екі көркем жүйенің – әдебиет пен фольклордың өзара байланысы»; үшіншілер үшін «қазіргі мәдениетте фольклорлық кейіпкерлер мен тәсілдердің қайта түлеуі, жаңғыруы». Әдебиеттегі фольклоризм – бұл тек фольклордағы дайын элементтерді (образдар, сюжеттік мотивтер, көркемдегіш құралдар) пайдалану ғана емес. Фольклоризм – бұл қандай да бір автор шығармашылығындағы (нақты туындысының) көркемдік принциптердің түгелдей немесе түгелге жуық халық шығармашылығына сәйкесуі. Кейде авторлар өзінің туындысында халық дәстүріндегі сюжеттерге сүйенеді. Бұл кезде фольклорлық материалдар мүлдем өзгерген сипатта қолданылады. Бұл да фольклоризм. Сондықтан көркем туындыда фольклоризмнің көрінуі кейде айқын байқалса, кейде оны әбден танып-білу керек. Әдебиеттанушы А.Б. Есин Г. Поспеловтың «Әдебиеттің тарихи дамуының мәселелері» еңбегіне сүйеніп, көркем шығармада мифологиялық, ұлттық, мәдени-әлеуметтік, романдық, философиялық мәселелердің болатынын айқындайды [5, 45 б.]. Өнер атаулыға тән таңбалар жүйесі мәтіндегі мәтінді екшеуді талап етеді [6]. Бұл бүгінгі ғылыми айналымдағы «диалог», «интермәтінділік» ұғымдарының мәнін ашады. Әр дәуірде әдебиеттің фольклорға бет бұруы түрліше болды. Фольклордың

әдебиетте игерілуі ондағы әдіске, әдіснамаға қатысты. Әдебиет, оның ішінде көркем әдебиет – өнердің бір түрі. «Өнер» деген сөздің өзі көпмағыналы. Бұл жағдайда оның көркемдік қызметі мен нәтижесіне басымдық беріледі. Өнер – шығармашылық сипаттағы эстетикалық құбылыс. Көне грек тіліндегі «эстетика» сөзінің бастапқы мағынасы «есту және көру арқылы сезіну» дегеннен туындайды. Көркем әдебиетті өнердің басқа түрінен бөліп алудың өзі оның сан қырлы, мол арналы сипатын танытады. Сол арнаның бірегейі – фольклор. Әдебиет пен фольклордың тарихи өзара байланысы әлем әдебиеті дамуының мәнді сабақтастығын айғақтайды. Әр дәуірде әдебиеттің фольклорға бет бұруы, қаламгерлердің фольклордың нақты, тарихи кезеңдеріне назар аударуы әдебиеттің басты ұлттық ерекшелігін, халықтығын танытады

Әлемдік деңгейде фольклоризм құбылысы өткен ғасырдан бастап қарқынды зерттелді. Фольклоризмнің ғылыми концепциясын анықтайтын әлемдік деңгейдегі бірегей тұжырымдар (М.К. Азадовский, Д.Н. Медриш, У.Б. Далгат, Д.С. Лихачёв, Н.И. Савушкина, М.А. Тычина, т.б.) бар. Дегенмен белгілі бір қаламгер тарапынан фольклорды қолданудың жеке мәселелеріне қатысты зерттеулер (Е.Я. Ленсу, І.П. Чыгрын, В.Т. Петров, т.б.) саны анағұрлым жоғары. Мәселен, «Русский фольклор» көпжылдық академиялық басылымның «Славянские литературы и фольклор» (1978) деп аталатын XVIII томындағы үздік мақалалардың басым көпшілігі бір автордың шығармашылығы аясында әдебиеттанушылық контекстегі фольклоризм көріністерін жан-жақты талқылауға арналған [7]. Ал жаңа ғасыр белесінде бұл мәселенің теориялық табиғатын зерттеуге күш салынып, іргелі еңбектер (К.М. Ковалёва, О.В. Приемко, В. Рогойша, т.б.) туындағанын аңғарамыз.

Отандық фольклортануда өткен ғасырда ізашар еңбектер болғанымен, әдеби-фольклорлық байланыс мәселесі ел тәуелсіздігі бекігеннен кейін қолға алына бастады. Ғалымдар З. Ахметов, С. Қирабаев, Қ. Мәшһүр-Жүсіп, С. Қасқабасов, Ш. Елеуқенов, т.б. тарапынан құнды ой-пікірлер айтылған. Жалпы, фольклор поэтикасының генезисінен бастап, мифтік ойлаудың көркем ойлауға ұласуындағы үдерістер жайындағы ғалым Зәки Ахметовтің тұжырымдары айрықша. Ғалым фольклор мен әдебиет тарихын бірлікте алып, оларды қазақ көркем сөз өнері тарихының өзара қиысқан екі бағдары деп біледі [8]. Әсіресе, ұлы Абай шығармашылығы мен фольклордың қарым-қатынасына біршама назар аударылды. Ғалым Ә. Қоңыратбаевтың «Қазақ фольклорының тарихы» еңбегінде, ғалым Р. Бердібайдың «Кәусар бұлақ» кітабына енген «Абай және ауыз әдебиеті» мақаласында, С. Қасқабасовтың «Абай және фольклор» атты еңбектерінде бұл тақырыпқа арнайы көңіл бөлінді. Өзге де жекелеген ақын-жазушылар шығармаларында фольклорлық, мифопоэтикалық көріністерді талдайтын зерттеу жұмыстары (Қ.Байтанасова, Ж.Аймұхамбет, т.б.) жазылды. 2011 жылы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының зерттеу жобасының аясында «Фольклор және қазіргі қазақ

әдебиеті» еңбегі жарық көрді. Бұл еңбек – тәуелсіздік тұсындағы, яғни XX-XXI ғасырлар тоғысындағы әдебиет негізінде фольклор мен әдебиеттің байланысын талдап, аталған мәселеге жаңа серпін әкелді [1]. Әсіресе, фольклортанушы-ғалым, академик С. Қасқабасов талдау материалдары негізінде әдеби-фольклорлық байланыс түрлерін ашып көрсетеді. Осы ретте ғалым кері байланыс деген түрді атайды. Ол дәстүрлі фольклорға қатысты емес, жазба әдебиет пен авторлық ауыз әдебиетінің арасындағы қатынас деп есептейді де, «арнайы қарастыруға лайықты мәселе» деген тұжырыммен қайырады [1,46-47]. Бұл жердегі «кері байланыс» фольклоризация мәселесіне қатысты екенін аңғарамыз. Сондай-ақ ғалым ұлттық әдебиеттану, фольклортану тараптарынан бұған қатысты концептуалды еңбектің жоқтығын меңзеп, алдағы күн тәртібіндегі шешілуі тиіс өзекті проблема екенін ұғындырады.

Міне, әдебиет пен фольклор арақатынасының теориялық, методологиялық және типологиялық мәселелері бойынша бүгінгі күн талабына сәйкес арнайы зерттеу еңбектері әлі де қажет екенін көреміз. Әрине, жекелеген авторлық шығармашылыққа арналған көптеген зерттеу жұмыстары фольклоризмнің не екенін анықтап берді. Бірақ әдеби фольклоризмнің типтері, жеке түрлері қандай деген сауалға нақты жауап жоқ. Ал фольклоризация үдерісі толықтай қолға алып, терең зерделеудің концептуалды жүйесін талап етіп отыр. Академик С. Қасқабасов жалпы әдеби-фольклорлық байланыстың түрлерін көрсетті. Дегенмен, мұнда ғалымның ірі проблематика саласына бағдар беру ұстанымы басымырақ. Сондықтан да осы бағдарды бетке алып, фольклоризм типологиясы, әдеби шығармалардың фольклоризациялық деңгейі, «инициарлы орта» концептісі, эстофольклортану теориясын оқытудың инновациялық жолдары сияқты түйткілді мәселелерді шешу – бүгінгі күннің өзекті мәселелері.

Зерттеудің басты назары – фольклорды пайдаланудың сандық көрсеткіштерінде емес, интеграциялық үдерістердің сын-сипатында болатыны анық. Ендеше бұл әдебиеттану және фольклортану ғылымдарының бүгінгі күн сұранысына сәйкес дамуына әсер етіп, пәнаралық байланыс әлеуетін көрсетеді. Мұндай жаңашыл бағыттар жалпы гуманитарлық саладағы синергетикалық зерттеудің де айқын мысалы бола алады. Бұл орайда көпшілік санада әлі де болса синоним боп сақтаулы тұрған «фольклор» және «ауыз әдебиеті» ұғымдарының дифференциациясын тағы бір мәрте ғылыми айқындау мүмкіндігі зор. Жалпы, бұл дифференциацияны сөз еткенде халықаралық масштабтағы мына бір мәселені атауға тиіспіз. Шетелдік тәжірибеде әдеби-фольклорлық ықпалдастықты фольклор, әдебиет және инициарлы шығармашылық арасындағы интегративті байланыстың типологиясы арқылы қарастыру идеясы бар. Байқағанымыздай, сөз өнерін құрайтын идеялық-эстетикалық тұтастықтың бір бөлшегі ретінде «инициарлы шығармашылық» категориясы алынады [9]. Мұндай шетелдік тәжірибені зерделейтін болсақ,

«инициарлы шығармашылық» ұғымы фольклорға да, әдебиетке де жатпайтын «бейсаналылықтан» туындайтын интенция көрініс ретінде алынады. «Инициарлы орта» көбінесе бұқара ішінен суырылып шыққан әуесқойлардың инициативті шығармашылығымен толығып отырады. Ол дәстүрлі үлгілерді қолданумен қатар жаңаша бірегей туынды жасау арқылы фольклорға немесе әдебиетке жол бастауы мүмкін. Мұндай категорияның сипаты хақында Ю. Лотман, С. Лем, К. Малевич, т.б. ғалымдар тарапынан жүйелі ой-пікірлер болған. Соңғы ізденістер ішінде Л. Костюковец, Р. Ковалева, т.б. ғалымдар еңбектерін атауға болады.

Ұлттық сөз өнерінің негізі фольклор, авторлық ауыз әдебиеті, әдебиет триадасынан құралатынын білеміз. Жыраулар мен сал-серілер поэзиясы – авторлық ауызша әдебиет ретінде өз ғылыми концепцияларын айқындап үлгерді. Яғни, ауыз әдебиеті – фольклордан бастау алып, әдебиетке ұласқан категория сипатына ие. Бұл ретте кезінде фольклорлық шығарма контексінде қаралған халық ақындары туындыларын да айтуға болады. Бұларда фольклорға тән белгілер басым, сонымен қатар әдебиетке лайық жан-жақты авторлық позициясы да айқын. Ендеше батыстық ғалымдар тарапынан енген «инициарлы шығармашылық» терминімен» ұлттық танымдағы «ауыз әдебиеті» ұғымы қаншалықты өзара байланыс орната алады? Әлде екі бөлек түсініктегі ұғымдар ма? Осындай түйткілді теориялық проблемаларды сараптау мұндай зерттеу ісінің жаңашылдығымен қатар маңыздылығын да көрсетеді.

Нәтижелер. Эстофольклортанудың әдістемелік концепциясы отандық білім беру саласындағы басымдықтардың концептуалды принциптеріне жауап бере алады. Мемлекетіміздің жаңа гуманитарлық білім беру стратегиясын іске асырудың да көрсеткіші болмақ. Мәселен, әдеби-фольклорлық байланысты тың бағытта таныту мен оқыту, оның жаңа амал-тәсілдерін табу қазіргі оқу үдерісіне өте қажет [10]. Себебі ғылымдағы бетбұрыстардың бүгінгі деңгейі оқу мен оқыту дәрежесіне заманауи талғам мен талап міндеттерін жүктеп отыр. Бұл міндеттер «Қазақ фольклоры», «Фольклортану» пәндерін меңгертуде ғана емес, жоғары оқу орындарының қазіргі білім беру бағдарламаларындағы «Бүгінгі әдебиеттегі фольклоризм» пәнін оқытуда аса қажет. Әдеби-фольклорлық байланысқа негізделген мұндай дербес пәнді оқыту жолдарымен қатар оқытуға негіз болатын оқу құралы тіпті де керек. Бұл оқу үдерісі кезіндегі өз тәжірибемізден айқын көрінді. Жалпы, пәнге арналған теориялық база болғанымен, нақты оқу құралдары жоқ. Оқу-әдістемелік тұрғыда жан-жақты қамтылған пән – оқу үдерісімен қатар білім беру бағдарламасы дәрежесінің тікелей көрсеткіші. Ал білім беру бағдарламасының сапасы мен өзектілігі бүгінгі күні жоғары оқу орындарының сұраныстағы рейтингісін құрап, бәсекеге қабілеттілік деңгейіне бірден-бір талап болып отыр.

Ендеше эстофольклортанудың ғылыми-әдістемелік концепциясын құрайтын негізгі бағыттарды көрсетуге болады:

- Фольклоризм типологиясын жасау. Уақыт, көркем ойлау тенденциялары, авторлық ойдың дербес ерекшеліктері, т.б. концептуалды негіздемелер бойынша фольклоризм типтері анықталып, жүйеленеді. Көркем мәтінді талдау арқылы фольклоризмнің ұлттық сипатын нақтылауға болады.

- Әдеби шығармалардың фольклоризациялық деңгейін қарастыру. Соның ішінде ұлттық сөз өнеріндегі түйткілді мәселе – «жазба әдебиет – ауыз әдебиеті» қатынасына құрылған «кері байланыстың» теориялық табиғатын ашуға қадам жасалып, фольклоризациялық функциясына баға беріледі. Бұл қазақ сөз өнерінің тарихи-мәдени үдерістегі орны мен ерекшеліктерін айқындауға ықпал етеді. Мұндай ұстанымдарды жүзеге асыруда қос бірліктегі қарама-қарсы үдеріс ретінде «фольклоризм» мен «фольклоризацияның» феноменологиясын көрсету ықтимал болады. Бұл өз кезегінде эстофольклортанудың жеке сала ретінде қалыптасуына, сондай-ақ ұлттық фольклор теориясына жаңа интегративті призма арқылы қарауға көрсеткіш бола алады.

- «Инициарлы орта» концептісін тұжырымдау. Ол үшін шетелдік тәжірибелерге талдау жасалады. Шетелдік тәжірибедегі фольклор-инициарлы орта-әдебиет қатынасын талқылай отырып, ұлттық ғылыми танымдағы аталмыш түсініктің көріну дәрежесіне баға беріледі. Инициарлы шығармашылық – авторлық ауыз әдебиеті ұғымдарын байланыстыру мүмкіндігі көрсетіледі. Бұл ретте эстофольклортану саласының ұлттық контекстегі зерттеу нысандарын жүйелеуге толық негіз бар.

- Эстофольклортану теориясын оқытудың инновациялық жолдарын ұсыну. Білім берудің заманауи концепцияларына сүйене отырып, фольклор табиғатын жаңаша танытудың интегративті параметрлері негізге алынады.

Жоғарыда аталған принциптер қазақ эстофольклортануының қалыптасуына жол ашады. Сонымен қатар жаңашыл сипаттағы ғылым саласы ретіндегі дәрежесін негіздейді. Өйткені:

- әдеби-фольклорлық байланыс жаһандық ғылыми интеграция кеңістігінде қарастырылады.

- фольклортанудың қазіргі интегративті құрылымына сәйкес фольклоризм типологиясы мен фольклоризация түрлері эстофольклортану контексінде жүйеленеді.

- жаңа танымдағы эстофольклортанудың теориялық статусы ұлттық сөз өнерінің ерекшеліктері мен даму тарихына сәйкес қабылданады.

- жаңа гуманитарлық білім аспектісінде әдеби-фольклорлық байланысты меңгерту әдістемесінің жаңа парадигмалары ұсынылады.

- ұлттық фольклордың теориялық мәселелерін жаңа интегративті ракурста пайымдауға негіз қалыптасады.

Қорытынды. Фольклор мен әдебиет – екі эстетикалық жүйе. Сондықтан олардағы болмысты танудың көркемдік тәсілі екі түрлі. Ендеше

эстофольклортану аспектісінде әдебиеттегі уақыт пен кеңістік, көркем ойлау мен тарихи жад, этикалық-моральдық категориялар, қаһарманның рухани әлемі, авторлық ойдың көп қабатты ерекшеліктерінің халықтық эстетикамен дәстүрлі байланысының тарихи негіздерін саралаудың өзектілігі айқын. Ол үшін интегративті фольклортану контексіндегі әдеби туындыларды жаңа ғылыми парадигмалар тұрғысынан зерделеу арқылы ұлттық құндылықтар және жалпыадамзаттық гуманизм сипаттарының қазақ сөз өнерінде классикалық стильде жаңғырып отырғанын әдеби талдаулармен дәйектеу қажет. Қазіргі отандық және шетелдік фольклортанудағы жаңа ғылыми бағыт, тың әдіснамалық талдаулар бойынша әдебиеттің синкреттілік сипатындағы жанрлық түрленулерін қарастырудың мәні зор.

Түйіндеп айтсақ, отандық ғылымға әдеби-фольклорлық байланыстың теориялық, методологиялық және типологиялық мәселелері бойынша бүгінгі күн талабына сәйкес арнайы зерттеу еңбектері әлі де қажет. Әрине, жекелеген авторлық шығармашылыққа арналған көптеген зерттеу жұмыстары фольклоризмнің не екенін анықтап берді. Бірақ әдеби фольклоризмнің типтері, жеке түрлері қандай деген сауалға нақты жауап жоқ. Ал фольклоризация үдерісі толықтай қолға алып, терең зерделеудің концептуалды жүйесін талап етіп отыр. Идеялық-эстетикалық бірліктегі мұндай интеграциялық үдерістерді эстофольклортану контексінде негіздеу және оны меңгерудің инновациялық амалдарын көрсету – бүгінгі ғылыми қажеттілік пен сұраныстың негізі болмақ.

Әдебиеттер:

1. Фольклор және қазіргі қазақ әдебиеті. – Алматы: Арда, 2011. – 480 б.
2. Ковалева Р. Концепция интегративной фольклористики. <https://elib.bsu.by/bitstream/123456789/208197/1/207-213.pdf>
3. Жұмағұл, С., Қамзабекұлы, Д., Кемеңгер, К., Сағынадин, Г. Қазақ мақал-мәтелдерінің алаш кезеңінде жариялануы (Ахмет Баржақсыұлы еңбегі негізінде). Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. (2022). 141(4), 159-166 бб. <https://bulphil.enu.kz/index.php/main/article/view/196>
4. Далгат У.Б. Литература и фольклор. – М.: Наука, 1981. – 303 с.
5. Есин А.Б. Принципы и приемы анализа художественного произведения: учеб. Пособие / А.Б. Есин. – 12-е изд., стер. – Москва: Флинта: Наука, 2015. – 248 с.
6. Лотман Ю. Семиосфера. – СПб. : Искусство-СПб, 2000. – 704 с.
7. Русский фольклор. Том 18: Славянские литературы и фольклор / Отв. ред. А. А. Горелов. Ленинград: Наука, 1978. – 210 с.
8. Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. Зерттеу. Астана: Фолиант, 2002. – 172 б.

9. Традиционные и новые подходы к изучению литературы и фольклора. Учебная программа учреждения высшего образования второй ступени (магистратура) по учебной дисциплине для специальности: 1-21 80 10 Литературоведение. - Минск: БГУ, 2018. – 21 с

10. Aimukhambet, Zh., Aituganova, S., Alimbayev, A., Sagynadin, G., Seiputanova, A. The Effects of Computer Aided Education in the Education of Folk Cultural Products. Journal of Curriculum Studies Research. 2023, 5(2),167–185 pp. <https://doi.org/10.46303/jcsr.2023.25>

Г.С. САҒЫНАДИН

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

НЕКОТОРЫЕ НАУЧНО-ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ВОПРОСЫ ЭСТОФОЛЬКЛОРИСТИКИ

Аннотация. Эстофольклористика – одна из структурных областей интегративной фольклористики, которая рассматривает преобразование эстетических объектов в рамках словесного искусства. Широкий диапазон возможностей изучения фольклора (как источника интегративной науки) сегодня и динамика интегративных обоснований в словесном искусстве привели к формированию данного термина. Представление новой научно-методической концепции эстофольклористики национального уровня – одно из новаторских и актуальных синергетических исследований в соответствии с современными тенденциями в гуманитарной сфере. При этом следует обратить внимание на ряд актуальных вопросов: выявление и систематизация типов фольклоризма, рассмотрение фольклоризационного уровня литературных произведений. В том числе проблемным вопросом в национальном искусстве слова является раскрытие теоретической природы «обратной связи», построенной на соотношении «письменная литература – устная литература»; формулировка концепта «инициарная среда». Возникает необходимость показать возможность соотношения понятий «инициарное творчество» – «авторская устная литература» с обсуждением зарубежного опыта; предложить инновационные пути обучения теории эстофольклористики на основе современных концепций образования. Реализация таких задач закладывает основу для формирования научно-теоретического статуса эстофольклористики в национальной научной системе, определяя не количественные показатели, а качественного интегративного значения фольклора.

Ключевые слова: фольклор, эстофольклористика, литература, литературоведение, интеграция.

G.S. SAGYNADIN

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

SOME SCIENTIFIC AND THEORETICAL ISSUES OF ESTH-FOLKLOROISTICS

Abstract: Esth-folkloroistics is one of the structural branches of integrative folklore studies. It provides for the re-artistic reproduction of aesthetic objects within the framework of the art of speech. The wide range of research possibilities of folklore as a source of integrative science today and the dynamics of integrative justifications in the art of speech led to the formation of this term. Therefore, the presentation of a new scientific and methodological concept of national-level esth-folkloroistics studies will be one of the most innovative and relevant synergistic studies in accordance with modern trends in the humanitarian sphere. At the same time, attention should be paid to a number of topical issues: identification and systematization of types of folklorism; consideration of the level of folklorization of literary works. In particular, the problem of the National Art of speech is the disclosure of the theoretical nature of the "feedback" built on the relationship "written literature – oral literature"; the formulation of the concept of "initiator environment". To demonstrate the possibility of connecting the concepts of initiative creative – author's oral literature with the discussion of foreign experiences; to propose innovative ways of teaching the theory of esth-folkloroistics based on modern concepts of education. The implementation of such tasks will form the basis for the formation of the scientific theoretical status of esth-folkloroistics in the national scientific system, with the definition of qualitative integration value-content, and not quantitative indicators of folklore.

Key words: folklore, esth-folkloroistics, literature, literary studies, integration.

References

1. Fölklor jäne qazırgı qazaq ädebieti. – Almaty: Arda, 2011. – 480 b.
2. Kovaleva R. Konceptsiya integrativnoj fol'kloristiki. <https://elib.bsu.by/bitstream/123456789/208197/1/207-213.pdf>
3. Jūmağūl, S., Qamzabekūly, D., Kemeñger, K., Sağynadin, G. Qazaq maqal-mätelderiniñ alas kezeñinde jarialanuy (Ahmet Barjaqsyūly eñbegi negizinde). L.N.Gumilev atyndağy Eurazia ūlttyq universitetiniñ Habarşysy. Filologia seriasy.
4. Dalgat U.B. Literatura i fol'klor. – M.: Nauka, 1981. – 303 s.
5. Esin A.B. Principy i priemy analiza hudozhestvennogo proizvedeniya: ucheb. Posobie / A.B. Esin. – 12-e izd., ster. – Moskva: Flinta: Nauka, 2015. – 248 s.
6. Lotman YU. Semiosfera. – SPb. : Iskusstvo-SPb, 2000. – 704 s.
7. Russkij fol'klor. Tom 18: Slavyanskije literatury i fol'klor / Otv. red. A. A. Gorelov. Leningrad: Nauka, 1978. – 210 s.
8. Ahmetov Z. Poezia şyñy – danalyq. Zertteu. Astana: Foliant, 2002. – 172 b.

9. Traditsionnye i novye podkhody k izucheniyu literatury i fol'klora. Uchebnaya programma uchrezhdeniya vysshego obrazovaniya vtoroy stupeni (magistratura) po uchebnoy distsipline dlya spetsial'nosti: 1-21 80 10 Literaturovedenie. - Minsk: BGU, 2018. – 21 s

10. Aimukhambet, Zh., Aituganova, S., Alimbayev, A., Sagynadin, G., Seiputanova, A. The Effects of Computer Aided Education in the Education of Folk Cultural Products. Journal of Curriculum Studies Research. 2023, 5(2),167–185 pp. <https://doi.org/10.46303/jcsr.2023.25>

Авторлар туралы мәлімет:

Сағынадин Гүлназ Сағынадинқызы – философия докторы (PhD), Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, Астана, Қазақстан.

Сағынадин Гүлназ Сағынадинқызы – доктор философии (PhD), доцент Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Sagynadin Gulnaz Sagynadinkyzy – Doctor of Philosophy (PhD), associate professor L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

XҒТАР 17.82.30

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-3.17>

*А.О. ТОҚСАМБАЕВА¹ 

А.Қ. ҚАДЫРОВ² 

Т.Б. ҚАБЫШЕВ³ 

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей, Қазақстан^{1,2,3}
(e-mail: aiman-63@mail.ru¹, aibar_kadirov@mail.ru², talgat_kabyshev@mail.ru³)

РАХЫМЖАН ОТАРБАЕВТЫҢ ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ХАН-СҰЛТАНДАР МЕН БАТЫРЛАР БЕЙНЕСІ

Аңдатпа. Мақаланың мақсаты – жазушы Рахымжан Отарбаев шығармашылығының өзіндік стильдік ерекшелігі, жазушының образ сомдау ерекшелігі, бүгінгі прозадағы орны, дәстүр мен жаңашылдық мәселесін қарастыру. Ғылыми жұмыстың негізгі идеясы –Рахымжан Отарбаевтың драмалық шығармаларындағы хандар мен сұлтандардың, батырлардың бейнесін суреттеудегі ерекшеліктерін мысалдар арқылы көрсету.

Жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығы – мақалада Рахымжан Отарбаевтың шығармашылық мұрасы жан-жақты талданады.

Зерттеудің әдіснамалық негізі А.А. Белих, Х.Г. Гадамер, Е.И. Диброва, И.Д. Ермаков, Л.В. Карасев, Г.К. Котков, Е.М. Лулудова, В.П. Руднев және тағы басқа да әдебиеттанушы ғалымдардың философиялық және әдеби зерттеу еңбектері болды.

Зерттеу жұмысының негізгі нәтижесі – Рахымжан Отарбаевтың шығармашылық мұрасына байланысты ғылыми талдаулар жасалды, жазушы шығармаларының көркемдігі мен тарихилығы нақтылы мысалдар арқылы дәйектелді.

Рахымжан Отарбаевтың суреткерлік әлемі замандастарынан қарағанда ерекше деп айтуға болады. Оқыған сайын ойың алысты көреді, ойдан ой туып, тағы да жаңа бейне көрсем деп үміттенеді. Жазушының көркем шығармаларының басты мақсаты – адам мен қоғамның болашағы. Осы үш өзек әр шығарманы оқыған адамның санасын оятып, рухани байлық береді. Адам – кешегі бабаларымыз, анығында Отарбаев жазған Бейбарыс, Махамбеттер. Ал қоғам дегеніміз – сол қайраткерлер өмір сүрген кезең, уақыт, орта. Ал болашақ келесі ұрпақтың танымы мен көкжиегі, ертеңгі елдің ту ұстарларының тұлғалар өмірінен нәр алуы, сусындауы.

Зерттеу жұмысында салыстырмалы талдау, жүйелілік, жинақтау, тұжырым жасау әдістері пайдаланылды.

Жұмыс қорытындыларының практикалық маңыздылығы – бұл мақала

жоғары оқу орындарындағы әдебиеттану пәндерінің циклі бойынша дәрістер мен семинарларға дайындық кезінде қосымша оқу материалы ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Түйін сөздер: қазақ прозасы, Рахымжан Отарбаев шығармашылығы, психологизм, образ, дәстүр мен жаңашылдық.

